



**«Арқалық қаласының орталықтандырылған
кітапхана жүйесі»ММ
Әдістеме – библиография бөлімі**



Ұрпаққа ұран болған – Ұлы Жеңіс

/Ұлы Жеңіске 80 жыл/

Библиографиялық көрсеткіш

«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ
Әдістеме – библиография бөлімі

Ұрпаққа ұран болған – Ұлы Жеңіс

/Ұлы Жеңіске 80 жыл/

Библиографиялық көрсеткіш

Арқалық қаласы 2025 жыл

ӘОЖ 038
КБЖ 92
У 68

Құраст.: С. М. Көшкінбай
Шығ. жауапты: Д. Е. Құсайын
Ред.: Д. Е. Құсайын

Ұрпаққа ұран болған – Ұлы Жеңіс [Мәтін] Ұлы Жеңіске 80 жыл толуына арналған : Библиографиялық көрсеткіш / «Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме–библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Д. Е. Құсайын]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – 56 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме – библиография бөлімі Ұлы Жеңіске 80 жыл толуына орай «Ұрпаққа ұран болған – Ұлы Жеңіс» атты библиографиялық көрсеткіш дайындады. Бұл көрсеткішке соғыс ардагерлерінің, Ұлы Жеңіске зор үлес қосқан жерлестеріміздің есімдері енген кітаптардың және Арқалық қаласындағы Даңқ алаңындағы ерлікке тағзым ететін ескерткіштің фотосуреттері берілген. Ұлы Жеңіске арналған іс-шаралардың QR-код қойылған. Көрсеткіш барша оқырман қауымға арналады.

**©Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі,
әдістеме-библиография бөлімі**

Құрастырушыдан

.. Тарих беті үнемі жаңарып отырады. Десе де ұмытылмайтын, халықтың есінен кетпейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бірі әлемді дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысы. Ел басына күн туған осы бір қиын қыстау кезеңде Кеңес Одағының халықтары бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, фашист басқыншыларына қарсы жойқын шайқасқа аттанды. Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға еліміздің барлық күш қуаты жұмылдырылды. Торғайдың сайын даласында да бұл алапат дауылдың қарқыны күшті, ауқымы кең болды. Патриоттық рухта тәрбиеленген бірнеше мыңдаған Торғайлықтар да жауға қарсы күреске аттанды. Олар қан төгіс майдан даласында өз туған елінің ұлтарактай жері үшін, қарша жауған оққа кеудесін тосып, шыбын жаны, қасық қаны қалғанша күресті. Оқ пен оттың ортасында жүріп батырлықтың, табандылықтың, қайсарлықтың арқасында Ұлы Жеңіске жетті.

Міне, бұл күнде сол жеңіс туының желбірегеніне де 80 жыл толып отыр. Торғай өлкесінен майдан даласына аттанып, сұм соғыстың азабы мен қиыншылығын қара нардай қайыспай көтерген, халықтың бір-біріне деген адалдығының, қайраттылығы мен қайсарлығының арқасында «Жеңіс күніне» жетіп, елге аман-есен оралған аталарымыз бен әкелеріміздің ерлігің келер ұрпаққа насихаттау басты мақсатымыз.

Осыған орай Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің әдістеме-библиография бөлімі Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арнап **«Ұрпаққа ұран болған – Ұлы Жеңіс»** тақырыбында библиографиялық көрсеткішті оқырман назарына ұсынады.

Бұл көрсеткіште Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарих шежіресіне үңіліп, сол жылдардағы халық басына түскен қиындықты бүгінгі ұрпақ көзімен бағдарлау арқылы жекелеген соғыс ардагерлерінің өмір тарихына шолу жасалды.

Көрсеткіштің бірінші беті құрастырушыдан басталады. Құралдың мақсаты мен қай саланың оқырмандарына арналғандығы және құралдағы құжаттарға сипаттама берілген. Материалды орналастыру тәртібі түсіндіріліп, құрал ішіндегі жазбалардың орналасуы туралы хабарланған.

Библиографиялық көрсеткіш төрт бөлімнен тұрады. **«Елім деп от кешкен майдангерлер»** атты бірінші бөлімде қан майданнан жауды жеңіп, елге оралған, одан кейін бар қажыр-қайратын туған елін, Отанын гүлдендіруге, халықтың әл-ауқатын жақсартуға жұмсаған соғыс ардагерлерінің өмірбаяны,

мерзімді басылымдағы жарияланымдары мен олар туралы мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар тізімі берілген. Көрсеткіште берілген әдебиеттер тізімі әліпбилік ретпен орналастырылған.

Көрсеткіштің екінші бөлімі **«Ерлік - елге мұра, ұрпаққа ұран»** деп аталады. Бұл бөлімде соғыста елі мен жері үшін жанын пидә еткен, өшпес ерлік көрсеткен туған-туыстарына, туған жеріне оралмай қалған қаһарман ерлерді кейінгі ұрпағы еске түсіріп, аталарының ерен еңбегін мақтана етіп жазған мақалалары берілген.

Сұрапыл соғысқа қатысқандар, қайтпай қалған, хабарсыз кеткен есіл ерлеріміздің тізімі **«Жеңісті жақындатқан Торғайлықтар»** тақырыбымен үшінші бөлімге жинақталды.

Ал **«Жауынгерлік жолы өлең-жырға толы»** төртінші бөлімде Ұлы Жеңіске арналған жырлары мен өлеңдер топтастырылған. Сонымен қатар бұл көрсеткіште соғыс ардагерлерінің, Ұлы Жеңіске зор үлес қосқан жерлестеріміздің есімдері енген кітаптардың және Арқалық қаласы, Родина ауылындағы Даңқ алаңындағы ерлікке тағзым ететін ескерткіштің фотосуреттері берілген. Сонымен қатар Ұлы Жеңіске арналған түрлі іс-шаралар фотосуреттіремен қоса QR-кодпен берілген. Көрсеткішті дайындау барысында кітапхана қоры алынған материалдар пайдаланылды. Басылым соңында есімдердің алфавиттік көрсеткіші берілген.

Библиографиялық көрсеткіш кітапхана қызметкерлері, студенттерге және барша пайдаланушыларға арналған.



Қазақстан адамзаттың ортақ жеңісіне, жер бетінде әділдік пен бостандықтың салтанат құруына өлшеусіз үлес қосты. Аға буынның екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі ерлігі мен еңбегі өскелең ұрпақ үшін қайсарлықтың, жанқиярлықтың және отаншылдықтың озық үлгісі болып қалатыны сөзсіз. Бүгінде біз ұлтымыздың қаһарман ұл-қыздарының арқасында алаңсыз еңбек етіп, ұрпақ өсіріп, жарқын болашаққа қадам басып келеміз. Сол үшін оларға мәңгі қарыздармыз. Ешкім де ешқашан ұмытылмайды! Ардагерлерімізге әрдайым бас иеміз! Бейбітшіліктің қадірін түсініп, оны сақтай білейік! Баршаңызға зор денсаулық, толағай табыс тілеймін! Жеңіс күні құтты болсын!

ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

МАЙДАНГЕРЛЕР – ҚАҺАРМАН ҚАЙРАН ЕРЛЕР, ЕСІМДЕРІҢ ҒАСЫРДАН – ҒАСЫРҒА ӨРЛЕР!

ӘБЖАН ТОҚАЙ



1917 жылдың 22 наурызында Қостанай облысы, Аманкелді ауданы №12 ауылда дүниеге келген. 1932 жылдан ауылшаруашылық саласында жұмыс жасаған. 1937 жылы Финляндия соғысына қатынасып, елге 1940 жылы оралады. 1940 жылы шілдеде торғай әскери комиссариаты арқылы әскерге алынып, 1986-шы артиллерия полкы құрамында қатардағы жауынгер, майданда сандаған ұрыстарға қатысып, елге 1945 жылдың аяғында оралған. Соғыстан келгеннен кейін мылтығын айырбастаған ол, төрт түліктің төресі жылқы шаруашылығын өркендетуге ат салысады. Алдымен Кеңтүбек совхозында, кейін 1951-1977 жылдар аралығында Сарыторғай жылқы зауытында жылқышы болған, Осы жылдардағы еңбегі жоғары

бағаланып, «Ленин» орденімен наградталған және оның сыртында 10 мерекелік медальдері бар. 1977 жылы құрметті демалысқа шыққан. Арқалық қаласында дүниеден өткен.

Ол туралы:

1. Ардагерлерге - сый-сыяпат [Мәтін] : [соғыс ардагерлеріне құрмет] / Арқалық хабары. – 2015. – 31 желтоқсан. – Б. 1,3.
2. Жүнісұлы, Мұрат. Өмірі оның өнеге [Мәтін] : [майдангер Тоқай Әбжан туралы] / М. Жүнісұлы; суретті түсірген автор // Қостанай таңы. – 2017. – 4 сәуір. – Б. 5.
3. Қала басшысы қарт майдангерлерді құттықтады [Мәтін] : [Арқалық қаласының әкімі А. К. Балғарин] / "АХ" // Арқалық хабары. – 2018. – 18 мамыр. – Б. 3.
4. Қостанай облысының Әскери Даңқ кітабы (1941-1945)=Книга военной славы Костанайской области (1941-1945) [Мәтін] : [деректі жинақ] / бас ред.: К. У. Укин. – Қостанай: Костанайский печатный двор, 2015. – 398 б.
5. Нұрсаби, А. 100 жастағы ардагер [Мәтін] : [соғыс ардагері Әбжан Тоқай мен кездесу] / А. Нұрсаби // Арқалық хабары. – 2015. – 9 қаңтар. – Б. 4.

6. Рахметов, Жандос. Ардагерлерді ардақтайық! [Мәтін] / Жандос Рахметов // Арқалық хабары. – 2018. – 5 мамыр. – Б. 3.
7. Жүнісұлы, Мұрат. Майдангерге үй берілді [Мәтін] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2017. – 21 ақпан. – Б. 6.



ӘБЖАНОВ СӘМЕН

1922 жылы 16 мамырда Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, №5 ауылда дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына 1942 жылы алынып, 520-шы атқыштар полкінің құрамында соғысқа қатынасқан. Одан кейін 31-ші танкі полкінің барлаушылар взводында болып, Берлинді басып алу шайқасына қатынасқан. От пен оқтың ортасында жүрген майдангер 1945 жылдан 1946 жылдың соңына дейін 65-ші атқыштар полкінің құрамында бола жүріп, Украинада екі рет ауыр жарақат алған. Соғыс аяқталғаннан кейін Мәскеу қаласында өткізілген Жеңіс парадына қатысу мәртебесіне ие болған жауынгер, Ұлы Отан соғысындағы ерлігі мен еңбектегі жемісті қызметі үшін «II

дәрежелі Отан соғысы орденімен», «Германияны жеңгені үшін», «Ерлігі үшін» екі рет «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Берлинді алғаны үшін», Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен және 10 бірдей мерекелік медальдарға ие болды. Елге оралғаннан соң ауылшаруашылығының әр саласында қызмет атқарды. Абыройлы еңбегінің арқасында Мәскеудегі халық шаруашылығы көрмесіне қатынасқан. 2006 жылы өмірден озды.

Ол туралы:

8. Әбжан Сәмен [Мәтін] : [өмірбаян] // Олар жеңіспен оралды=Они вернулись с победой: ескерткіш кітабы. - Қостанай, 2009.- 32 б.
9. Қожантаева, Жанар. Ұмытылмас есім [Мәтін] : [ардагер Сәмен Әбжанов туралы] / Ж. Қожантаева // Қостанай таңы. – ("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2015. –29 сәуір. – Б. 15.
- 10.От ортасынан оралған [Мәтін] : [майдангер Сәмен Әбжанов туралы] // Арқалық хабары. – 2005. – 25 наурыз. – Б. 3.

ӘЛИЕВ КЕНАРАЛ

1907 жылы Қостанай облысы, Аманкелді ауданының №8 ауылында дүниеге келді. Соғысқа дейін туған жерінде әуелі серіктестікте, кейін колхозда әртүрлі жұмыстар істеді. 1941 жылдың қараша айында әскер қатарына алынып, Сталинград майданына қатынасты. 1943 жылы ауыр жараланып, елге оралды. Көп жылдар бойы колхозға басқарма, басқарманың орынбасары, ауыл шаруашылығы маманы болып жұмыс атқарды. Ұлы Отан соғысында Қызыл Жұлдыз, I дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталды. Бейбіт еңбекте «Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарына ие болды.

Ол туралы:

- 11.Оспанова, Балым. Алтын ұя - Отан қымбат [Мәтін] : [ҰОС-ның ардагері Кеңарал Әлиев туралы] / Б. Оспанова // Қостанай таңы. – 2016. – 6 мамыр. – Б. 19.
- 12.Әлиев Кеңарал [Мәтін] : [өмірбаян] // Олар жеңіспен оралды=Они вернулись с победой: ескерткіш кітабы. – Қостанай, 2009. – 33–34 б..
- 13.Кеңарал, А.Өмірден де ұзақ жол [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Кеңарал Әлиев туралы] / А. Кеңарал // Арқалық хабары. – 2004. – 22 қазан. – Б. 2.
- 14.Қуанышқызы, Мерей. Ардагер барлаушы [Мәтін] : [соғыс ардагері Кеңарал Әлиев туралы] / М. Қуанышқызы // Торғай. – 2003. –28 ақпан. – Б. 3.
- 15.Оспанова, Балым. Алтын ұя - Отан қымбат [Мәтін] : [ҰОС-ның ардагері Кеңарал Әлиев туралы] / Б. Оспанова // Қостанай таңы. – 2016. – 6 мамыр. – Б. 19.



ӘЖМАҒАМБЕТОВ БАЙДРАХМАН

1926 жылы 3 наурызда Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, Байғабыл ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1941 жылы Киров атындағы колхозда колхозшы болып жұмыс істеуден бастаған. 1944 жылы 17 қарашада Совет Армиясының қатарына шақырылып, II Белорусь майданының 298 атқыштар полкінің құрамында шайқасқа қатынасты.

1944 жылдың наурыз айында Днепр бойында болған ұрыста жараланды, Николаевск қаласындғы госпитальда емделгеннен кейін майдан шебіне оралып, Минск, Витебск қалаларын азат етуге қатынасты. Соғыс аяқталғаннан кейін 1946 жылдың қарашасынан Белоруссияның Полоцк қаласындағы 64675 әскери бөлімшесінде қызмет етіп, 1950 жылы елге оралды. Еңбек жолын жалғастырып, Киров атындағы колхозда қойшы болды. 1970 жылдан бастап «Степняк» совхозында құрылысшы болып істеді. 1986 жылы зейнеткерлікке шықты. Алты баласы бар. Наградалары: II дәрежелі Отан соғысы ордені және 10 мерекелік медальдар бар.

Ол туралы:

- 16.Ерманова, Мақпал. "Ерлікке тағзым" [Мәтін] : [соғыс ардагерлері Әукен Қанатбеков пен Б. Әжмағанбетовпен кездесу кеші] / М. Ерманова // Арқалық хабары. – 2010. – 16 сәуір. – Б:6.
- 17.Әжмағанбетов Байдрахман [Мәтін] : [өмірбаян] // Олар жеңіспен оралды=Они вернулись с Победой: ескерткіш кітабы. – Қостанай, 2009. – 33 б.
- 18.Оспанов, Марғұлан. Ер жүрек жауынгер [Мәтін] : [майдангер Байдрахман Әжмағанбетов туралы] / М. Оспанов // Арқалық хабары. – 2005. – 28 қаңтар. – Б.4.

БАЛҒАЗИН ҚАБЫЛАН СЕЙІТЖАНҰЛЫ



1924 жылы Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Ақкісі ауылында дүниеге келген. 1942 жылы Торғай әскери комиссариаты арқылы әскер қатарына алынып, Шұбаркөлде үш ай бойы әскери дайындықтан өтеді. Аталған мерзімнен соң қолына қаруын алып майданға аттанады. Соғыс жылдары бір рет Белорусь мемлекетінде, екі мәрте Прибалтика түбіндегі шайқастарға қатынасады. Отан үшін от кешіп, Берлинге дейін жеткен. Қанды ұрыста бір рет басынан ауыр соққы алып, екі рет жараланады. Соғыстан соң 1945-1950 жылдар аралығында Германияда 399-шы атқыштар полкінің авиа-эскадрилья бөлімінде қызмет етіп жүрген жерінен аман – есен елге оралады. Қайыңды совхозында 34 жыл көлік жүргізуші болып еңбек етіп, 1984 жылы зейнеткерлікке шығады. Балғазин Қабылан Сейітжанұлы Ұлы Отан соғысындағы ерлігі үшін екі дүркін Данқ орденімен, I дәрежедегі Ұлы Отан соғысы орденімен, екі рет «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және 15 мәрте мерекелік медальдармен наградталған. Ол бейбіт еңбектегі жемісті қызметі үшін 2003 жылы Қазақстан

Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Ардагердің соңында ұрпақтары бар. Батыр 2006 жылы дүние салған.

Ол туралы:

19. Қостанай облысының Әскери Даңқ кітабы (1941-1945)=Книга военной славы Костанайской области (1941-1945) [Мәтін] : [деректі жинақ] / бас ред.: К.У. Укин. - Қостанай: Костанайский печатный двор, 2015. – 398 б.
20. Қабыланұлы, Жұмабек. Майдангер әкемнің ерлігіне тағзым [Мәтін] : [соғыс ардагері Қабылан Сейтжанұлы туралы] / Ж. Қабыланұлы // Арқалық хабары. – 2015. – 10 сәуір. – Б. 4.

БАЛАБАЕВА КАМАРИЯ



1924 жылы Қостанай облысы, Амангелді ауданына қарасты бесінші ауылда дүниеге келген. 1942 жылы Амангелді әскери комиссариаты арқылы әскер қатарына алынып, бір жыл Орск қаласында әскери дайындықтан өтеді. 1943 жылы Украина жерінде жаумен алысып, Отан қорғайды. Нәзік жанды, батыр қыз сұм соғыс аяқталғаннан кейін де, сол жерде қираған елді-мекендерді тазарту мақсатымен қара жұмысқа қалдырылып, туған елге 1946 жылдың желтоқсан айында оралады. Елге келген соң Амангелді селосында, Қызылқозыда, Қайыңды совхозында еңбек еткен, батыр ана 1977 жылы зейнеткерлікке шығады. Әрине, Қамария Балабаеваның Ұлы Отан соғысындағы ерен ерлігі елеусіз қалған емес. Ол II дәрежедегі Ұлы Отан соғысы орденімен, «1941-45 жылдары Германияны жеңгені үшін» медалімен және 10 мәрте мерекелік төс белгілермен наградталған. Сондай-ақ ол Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері. Ардагер 2012 жылы 6 қаңтарда қайтыс болған.

Ол туралы:

21. Қостанай облысының Әскери Даңқ кітабы (1941-1945)=Книга военной славы Костанайской области (1941-1945) [Мәтін] : [деректі жинақ] / бас ред.: К. У. Укин. - Қостанай: Костанайский печатный двор, 2015. – 398 б.
22. Балабаева Қамария [Мәтін] : [өмірбаян] // Олар жеңіспен оралды=Они вернулись с победой: ескерткіш кітабы. – Қостанай, 2009. – 38 б.

- 23.Шөкен, Майра. Соғыс жылы 17 жаста еді [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Қамария Балабаева туралы] / М. Шөкен ; суретте: Қамария Балабаева // Торғай. – 2004. – 7 мамыр. – Б. 3

БАЛҒЫНБАЕВ ӘМІРБЕК



...1924 жылдың 10 мамырында Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, Аққошқар ауылында туды. Соғыс басталғанға дейін «Қайыңды» колхозында колхозшы болды. 1943 жылдың қаңтар айында Аманкелді ауданы әскери комиссариаты арқылы әскерге шақырылды. Свердловск қаласының түбінде 4 ай әскери дайындықтан өтіп, байланысшы болып, 471 жеке батальон құрамында соғысқа кірді. Орел қаласын жаудан азат еткеннен кейін Белоруссия, Польша елдерін азат етуге қатынасты. 1944 жылы Шығыс Пруссиядағы Кенинсберг қаласын азат етудегі қырғын шайқаста болды. Содан кейін Германия бағытындағы

майданға жіберілді. Соғысты, сол 471 батальон құрамында байланысшы болып, 9 мамыр 1945 жылы Берлин қаласында аяқтады. Елге 1947 жылдың ақпан айында оралды. Келген соң «Қайыңды» колхозында колхозшы болды. 1954- 1955 жылдары Қостанай қаласында 6 айлық есепшілер даярлайтын курсты бітіріп, «Қайыңды» совхозында бухгалтер, бас бухгалтердің орынбасары қызметтерін атқарып, 1984 жылы зейнеткерлікке шықты. Алған наградалары: II дәрежелі Отан соғысы ордені, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Еңбек ардагері» және 10 мерекелік медальдары бар. Өмірінің сонына дейін Ашутасты ауылында тұрды.

Ол туралы:

- 24.Соғыс ардагері елеусіз қалмайды [Мәтін] : [соғыс ардагері Әмірбек Балғынбаев туралы] // Арқалық хабары. – 2010. – 12 наурыз (№ 10). – Б. 3.
- 25.Балғынбаев Әмірбек [Мәтін] : [өмірбаян] // Олар жеңіспен оралды=Они вернулись с победой: ескерткіш кітабы. – Қостанай, 2009. – 38 б.
- 26.Жүнісұлы, Мұрат. Оқ пен оттан оралған [Мәтін] : [жауынгер Әмірбек Балғынбаев туралы] / М. Жүнісұлы // Торғай. – 2005. – 19 сәуір. – Б. 3.

ЖАКУЛИН ҰЗАҚБАЙ



1924 жылы Қостанай облысы, Жангелдин ауданының Тосын ауылында туды. Әскерге дейін Түйемойнақ колхозында есепші болды. Соғысқа 1942 жылдың тамызында аттанды. Украин майданының 1312-ші, 24-ші, 441-ші атқыштар полктарда және 450-ші аэродром полкінде қызмет атқарды. Әскер қатарынан 1945 жылдың желтоқсанында босады, екінші топтағы соғыс мүгедегі. Елге оралып, колхоз шаруашылықтарына белсене кірісті. Өзінің бұрынғы мамандығы бойынша есепші болды, бухгалтерлік курсты бітіргеннен кейін колхоздарда бухгалтерлік қызметін атқарды. Ақкөл, Саға, Тосын ауыл Советінің төрағасы болды. Совхоздар құрылған 60-шы жылдары ХХІ-ші партсъезд атындағы совхозда ферма меңгерушісі, селекционер-зоотехник болды. Соғыстағы ерлігі мен еңбектегі табыстары

үшін алған наградалары: Отан соғысы және Еңбек Қызыл Ту ордендері, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Тың жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері» медальдары және басқа 12 мерекелік медальдар мен белгілер.

Ол туралы:

27. Жакулин Ұзақбай [Мәтін] : [өмірбаян] // Олар жеңіспен оралды=Они вернулись с Победой: ескерткіш кітабы. – Қостанай, 2009. – 59 б.
28. Қарпықұлы, Ахметхан. Екі майданның майталманы [Мәтін] : [майдангер Ұзақбай Жакулин туралы] / А. Қарпықұлы // Қостанай таңы. – 2005. – 25 қаңтар. – Б. 6.

КАМАЛОВ МҰРАТҚАЛИ



1924 жылдың 2 наурызында Қостанай облысы, Жангелдин ауданының Қошалақ деген жерінде дүниеге келген. Соғыс басталған жылы 9-шы сыныпта оқитын ол, 1942 жылдың тамыз айында өз тілегімен әскер қатарына алынады. Тюмень, Чебоксары қалаларында әскери дайындықтан өткеннен кейін, 7-шы жеке гвардиялық миномет дивизиясының құрамында Калинин майданына қатынасқан. Кейін бұл дивизия қайта жасақталып, 33-ші гвардияшыл полк аталып, 3-ші Белоруссия майданына қарасты болды. Құрамында Мұратқали Камалұлы болған бригада 1943 жылдың 13 наурызында жанадан шығарылған М-В

(катюша) отты қаруымен жасақталады. Кіші сержант атағы бар ол, осы қуатты қарудың нысанашысы болған. Алдымен Белоруссияны азат етуге ат салысып, кейіннен Польша, Балтық бойында, Кенигсберг, Вильнюс, Каунас т.б. қалалар үшін болған майданның бел ортасында жүреді. Соғыстағы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз», «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен және «Ерлігі үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған. Германияны жеңгеннен кейін милитаристік жапон әскерін Қытай жерінде талқандауға қатынасып, елге 1947 жылдың 4 ақпанында оралған. Елге келгеннен кейін ауылшаруашылық саласында, партия, кеңес, кәсіподақ ұйымдарында басшылық қызметтер атқарып, елдің көркеюіне өзіндік үлесін қосқан Мұратқали атаның қиындыққа толы ғұмыры бүгінгі ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Мұратбек Камалұлының мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалары:

29. Камалұлы, М. Тегінді таны, ұрпағым! [Мәтін] : ғұмырнамалық аманат / М. Камалұлы. – Астана: Елорда, 2013. – 208 б.
30. Камалұлы, Мұратқали. Торғай энциклопедиясы жарық көрсе [Мәтін] : [журналист Болат Әлденұлының жинаған материалдары туралы] / М. Камалұлы // Қостанай таңы. – 2010. – 12 ақпан. – Б. 12.

31. Камалұлы, Мұратқали. Мәңгі ұмытылмайтын күн [Мәтін] : [сұрапыл соғыс жылдарындағы жастар жетістіктері] / М. Камалұлы // Арқалық хабары. – 2009. – 9 мамыр. – Б. 3.
32. Камалұлы, Мұратқали. Нәзипа мен Нұрғали [Мәтін] : [ағартушы-педагог Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтар туралы] / М. Камалұлы // Қостанай таңы. – 2008. – 9 қыркүйек. – Б. 6.
33. Камалұлы, Мұратқали. Соғыстың жолы ауыр [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Мұратқали Камалұлының Астанадағы Жеңіс парадына қатысқан күндерінен туралы] / М. Камалұлы // Торғай. – 2008. – 9 мамыр. – Б. 4.
34. Камалұлы, Мұратқали. Семейден алған әсер мол [Мәтін] : [соғыс ардагері, Құлжановтың немере інісі М. Камалұлының сапарнамасы туралы] / М. Камалұлы // Торғай. – 2008. – 1 ақпан. – Б. 4.
35. Камалұлы, Мұратқали. Мұхтасиф Әлмұхаммед Оспанұлы кім болған ? [Мәтін] : [ақын, дінтанушы Әлмұхаммед Оспанұлы туралы] / М. Камалұлы // Қостанай таңы. – 2007. – 13 сәуір. – Б. 7.
36. Камалұлы, Мұратқали. Өзі молда, өзі тарих, өзі ақын [Мәтін] : мұстасиф Әлмағамбет Оспанұлы жайлы / М. Камалұлы // Торғай. – 2007. – 26 қаңтар. – Б. 4.
37. Камалұлы, Мұратқали. Ауылдан аттанып ауылға оралды [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Мұратқали Камалұлы туралы] / М. Камалұлы // Торғай. – 2002. – 3 мамыр. – Б. 3.
38. Камалов, Мұратқали. Есімдері қағажу қалмасын десек... [Мәтін] : [торғай түлектері Нұрғали мен Нәзипа Құлжанаовалар туралы] / М. Камалов // Торғай таңы. – 1990. – 25 қыркүйек. – Б. 6.

Ол туралы:

39. Мұратқали Камалов [Мәтін] : [өмірбаян] // Олар жеңіспен оралды=Они вернулись с победой: ескерткіш кітабы. – Қостанай, 2009. – 80 б.
40. Тұрғынбекұлы, Серік. Толғау [Мәтін] : [өлең] / С. Тұрғынбекұлы // Торғай. – 2008. – 22 тамыз. – Б. 4.
41. Ақан, Кәки. Ағаның нұрлы жолы [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Мұратқали Камалұлы туралы] / К. Ақан // Торғай. – 2008. – 22 тамыз. – Б. 4.
42. Құлай аққан қос өзен [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Мұратқали Камалұлы туралы] // Торғай. – 2008. – 22 тамыз. – Б. 4.
43. Жақсантай, Тоқтауыл. "Өмірдің ашысын да, тұшсын да көрдік" [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Мұратқали Камалұлы туралы] / Т. Жақсантай // Арқалық хабары. – 2008. – 8 тамыз. – Б. 3.
44. Жүнісұлы, Жақсылық. Нұрғали Құлжанов – немере ағам, ал Манарбек Ержанов – туған жездем еді [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Мұратқали Камалұлы туралы] / Ж. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2008. – 6 тамыз. – Б. 5.

- 45.Исенова, Зарина. Мұратқали атамен кездесу [Мәтін] : [майдангер Мұратқали Камалұлымен кездесу кеші] / З. Исенова // Торғай. – 2005. – 6 мамыр. – Б. 6.
- 46.Сейдахметов, Төлеген."Катюшаға" тіл бітірген Мұракең [Мәтін] : [майдангер Мұратқали Камалұлы туралы] / Т. Сейдахметов // Арқалық хабары. – 2005. – 29 сәуір. – Б. 4.
- 47.Оспанов, Марғұлан. Отан үшін от кешкендер [Мәтін] : [майдангер Мұратқали Камалұлы туралы] / М. Оспанов // Арқалық хабары. – 2005. – 25 ақпан. – Б.6.
- 48.Әлденұлы, Болат. Батыстан - шығысқа [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Мұратқали Камалұлы туралы] / Б. Әлденұлы // Торғай таңы. – 1995. – 11 маусым. – Б. 2.

ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҰРАН

Атамның жеңісі – менің жеңісім

Осыдан 70 жыл бұрын соғыс жеңіспен аяқталып, бейбітшілік орнады. Ел арасында ажырамас достық пен сенім пайда болды.

«Соғыс» сөзі қандай қорқынышты, осы сөзді естігенде, денем түршігіп, бойымды қорқыныш пен үрей билейді. Ал «Жеңіс» сөзі ше? Жоқ, бұл сөз жүрекке жақын, жанға жылы. Естігенде, кеудеңе шаттық орнап, бойыңды қуаныш кернейді.

Ұлы Отан соғысы – адам баласының адамдық қасиетке жатпайтын өзімшілдігі, зымиян ойлылығы мен озбырлығынан басталды. Қанша адам жақындарынан айрылды? Соғыс жырлары қанша адам туған жерден жырақ жүріп, қаншасы жат жерде жерленді? Қанша жас қыршын кетті? Бұл соғысқа көптеген қазақстандықтар да қатысты. Солардың ішін-

де менің атам Әбжан Тоқай да болды. Атам 1917 жылы 22 наурызда Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, №12 ауылда дүниеге келген. Төрт кластық білімі бар. 1932 жылы аштықты басынан өткізіп, 1934 жылы егін шаруашылығында еңбек еткен. 1937 жылы Финляндия соғысына қатысып, 1940 жылы жаралы болып елге оралған. 1941 жылдың шілде айында Торғай АӘК-нан әскерге шақырылып, соғыста 277 АП құрамында қатардағы жауынгер болған. Жауынгерлік 5 медальмен, «Ленин» орденімен марапатталған. Соғыстан 1945 жылы елге оралған. Соғыстан кейін зейнеткерлікке шыққанға дейін Сарыторғай ауылы, қазіргі Екідің ауылында жылқышы болған. Атамның 5 баласы, одан 14 немере, 9 шөбересі бар. Атам өз балаларына, немере-шөберелеріне



татулық, достық секілді адами қасиеттерді насихаттап отырады. Атамның жеңісі-менің жеңісім! Соғыс және еңбек ардагерлерін ардақтайық!

Нұрболат ТОҚАЙ,
Торғай агро-
техникалық колледжінің
2 курс студенті.

Әрбір іске адал еді ардагер

Нағашы атамыз Қайырбай Есболов жайында

Алда 9 Мамыр – Ұлы Жеңіс күні келе жатыр. Кешегі сұрапыл соғыстың аяқталғанына, міне, биыл 70 жыл толды. Одан бері қаншама өзгерістер, жаңалықтар болды. Осы уақыттың ішінде еліміз егемендік алып, өз туымызды желбіреттік.

Отан үшін опат болғандарға құран бағыштап, оларды еске алу әр азаматтың парызы деп білеміз. Міне, біз де осы орайда еліміз, жеріміз жеті жауға қарсы соғысқан, одан кейін де туған елі үшін адал еңбек еткен нағашы атамыз Қайырбай Есболов туралы жазуды мақсат тұтып, ол кісі туралы анамыздан сұрап, әңгімеге тартық: «Е, қазір майдангерлердің де қатары сиреп барды-ау. Олардың Отан үшін еткен ерлігі, Отанға деген сүйіспеншілігі кімге болса да үлкен өнеге ғой» деп ауыр күрсініп алды. Ол кісінің уақытында елге танымал болған, соғысқа қатысқан ардагер, сондай-ақ кезінде тың және тыңайған жерлерді игеруде де атсалысқан ақсақал.

Төрт бала тәрбиелеген, жеңгенің аты Алматы.

Қайырбай Есболовты 1917 жылы 17 желтоқсанда Қостанай ауданының «Пригород» совхозында дүниеге келген екен. Мектепті тәмамдаған ол, 1932 жылы Қостанай педагогикалық училищесіне түсіп, оны өте жақсыға бітіріп шығарды. Еңбек жолын сол білім шаңарағында мұғалімдіктен бастайды. 1940 жылы әскерге алынды. Ал 1941 жылы Герман фашистері Совет еліне түтқиылдан шабуыл жасайды. Міне, осы тұста әскерде жүрген жас жігіт білеті сыйбана, барлық жауынгерлер тәрізді жауын пиді етіп, қанды соғысқа аттанды... Алты жыл алапат майданда қан кешкен ол Польша, Чехославакия, Австрия, Венгрия, Германия елдерінде Отанды азат ету жолында соғысқан. Соғыс аяқталған соң, бір жыл әскерде қалып, 1946 жылы елге аман-есен оралды. Оралысымен, ол үнемі жауапты қызметтер атқарды. 1946-1949 жылдары Қостанай қалалық партия комитетінде, 1949 -1950 жылдары облыстық партия комитетінде нұсқаушы болып істеген. 1952 жылы балым бастығының орынбасары, ал 1954 жылы қалалық комитетінде екінші хатшы болып қызмет атқарды.



болып қызмет атқарды.

Үкімет басқарушылар да оның сол жаққа ұйымдастырушы, еңбеккер басымы бола білетінің ескеріп, оны Қарасу ауданына екінші хатшы етіп сайлайды. Сол жылы Ақмола облысының орталығы етіп және қаланы Целиноград қылып өзгертті. Ол өзінің қажырлылығының, іскерлігінің арқасында екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, I, II дәрежелі Отан соғысы, Ленин т.б. медальдарымен марапатталады.

Ол үкіметтің малы, жері



үшін аябай тер төкті. Қазіргі заманда үкімет түгілі, туғаны үшін жанан пиді ететін адамдарды кездестіру қиынның қиыны ғой дейді анамыз. Ескінің көзі ретінде кейінгілерге үлгі алын деген оймен Қайырбай нағашы атамның үстіндегі киен киімі медальдарымен Қостанай қаласындағы мұражайға тапсырылған.

Анамыздың айтуынша ол жан балаларына жақсы әке, жеңгеніңе жақсы жар болды. Салмақты, іскерлік мінезімен үйден абыройға жетті. Ол кісімен бірге еңбек еткен немесе таныс болған адамдар оның осы қасиетін өте қадірлеп, сыйлаған.

Қай жұмыста болсын, өзінің қабілеттілік қарымын танытқан Қайырбай атамыз әрбір істі адал атқарған. Ол барлық өмірде тек ақыл-парасаттылығына, күш-қайраттылығына сенетін еді, – деп еске алды анамыз.

Иә, адал еңбектен ел құрметіне біленген Қайырбай Есболовты ақсақалдың өнегелі өмірі кейінгі ұрпақ жүрегінде сақтала бермек.

Мария РАХМЕТОВА,
ардагер жиені
және балалары.

қаласын, Нарва, Одер өзендерін

ұрпағы.

Мен атамды мақтан тұтамын

Атам Баймақов Әжіғали бүгінде 93 жаста болар еді.

Атам «Мен үшін ұстаздың орны бөлек, соғыс болмағанда мұғалім болатын едім. Соғыс басталысымен радиодан Сталиннің «Ағайындар, Отан қорғаға аттаныңдар!» – деп жар салуын естіп, әскери комиссариатының ел азаматтарымен жүргізген жаттығуларын кіріп жүрдім. Содан болар, мектепте оқып жүрсем де, соғысқа баруға ынталарым күшей берді» дейді.

Атам 1942 ж. 5 сәуірде әскер қатарына шақырылып, Қостанай облысының Семіомер ауданынан соғысқа жіберілетін 80 комсомолға бас болып, пойызбен Челябинь облысының Шұбаркөл ауданына, одан кейін Торапез станциясына түседі. Сол жерден Ресейдің Белый қаласы маңындағы алдыңғы қатардағы фронтқа жіберілген.

Атам Ұлы Жеңісті Италияның Пиза қаласында естіп, майдандастарымен бірге қарсы алған екен. Ал, елге-Қостанайға 1947 жылдың ақпан айында Польшадан бері қарай пойызбен жетті.

Атам соғыстағы ерлік істерімен беібіт өмірдегі ерен



еңбектің Отанға бағам, оны 3 дәрежелі УОС орденімен, "За победу над Германией", "50 лет СССР", "20 лет ВОВ" Маршал Жуковтың жанды басқа да 9 медальдармен марапатталған. "Еңбек ардагері" белгісі берілген.

Біздердің бүгінгі беібіт өмір сүріп, алаңсыз жүруіміз үшін жанан пиді етіп, қырымынан қылған ерлер, барлық хабарсыз кеткен балалар ұрпақтардың есінде мәңгі қалуы тиіс. Біз олардың рухына бас иеміз.

Айдос ӘЖІҒАЛИ,
гимназияның 4 «А» сынып оқушысы.

Ұмытпаймыз, құрметтейміз, мақтан етеміз!



Соғыс ардагері Шалдыбай Саменұлының өмірі жайында

Міне, биыл Ұлы Жеңіске - 70 жыл толып отыр. Шалдыбай атам тірі болғанда биыл 92 жасқа толып, 9 мамыр күні туған күнімен қатар Жеңіс күнін дүркіретіп, отбасымызбен тойлар едік. Алланың ісіне шара бар ма? Әттең! Сұрапыл соғысты басынан өткізіп, аштықта да рухы қайтпаған атамызды сұм ажал 83 жасында алып кетті.

Жастық шағында жастықтың дәмін татпағанымен, бақытты қарттық шағын өткізді деп айтсам қателеспеген барларым. Себебі, Күлназ әжеммен бас қосып, сегіз баланың ата-анасы атанған олар, балаларына үлгілі тәрбие беріп, көрегендіктерін көрсетіп, әрқайсын үлгі тұтардай бір отбасы қылып шығара білді. Мен әрқашан Шалдыбай атамды мақтан тұтамын. 9-мамыр біз үшін, біздің әулет үшін айтулы мереке. Дәл сол күні барлық ағайын-туыстар, бала-шаға жиналып, атамның айнала-сында мәре-сәре болып қалатынбыз. Сол сәтте атам бір жасап қалушы еді. Кейінгі уақытта ойлап қарасам, ол да үлкен тәрбиенің бастауы екен. Себебі жеті ұл бір қыздан тараған балалары бір-бірімізді жақын біліп, бауыр тарта бастадық, бірге ойнадық, сырымызды бөлістік және келесі кездесуімізді сағына күттік. Атамның айналасына жиналып отырып, бастан кешкен оқиғаларын, соғыс уақытындағы ерліктерін тыңдағанды ұнататынбыз.

Бүгін, міне, атамды сағынышпен еске ала отырып, Ибаділде әкемің мына өлең жолдары еріксіз ойға оралтамын:

Жастайыңнан көрдің әке жетімдік,
Бейнетіңмен өстің өзің жетіліп.
Тірлігіңнің арқасында шығар-ау,
Отырғаның ұл мен қызды өсіріп.

Ерте алды Алла анамды өзіңнен,
Қайғырасың, оны мен де сезінем.
Қуатыңның барлығында...ізdedің,
Таппадың-ау артық пенде өзіңнен.

Тек бақытты балаларға тіледің,
Сол тілектің мына мен де бірі едім.
Демеу болды көңіліме әрқашан,
Асқар тауым, алдымда сен жүргенің.

Асқар тауым, жүре берші алдымда,
Сен тұрғанда мен жетім боп қалдым ба?
Ризамын Құдайыма әрқашан,
Қалдырған бізге қоржын аумас шалды да.

Өнеге еді айтқан әрбір ісің,
Басылмайды саған деген сағынышым.
9 жыл өтті бақиға аттанғалы,
Тірі жүрсің, өлген жоқсың біздер үшін.

83 жасадың да кете бардың,
Шөккені ме шынымен атан нардың.
Бәріміз де ер жетіп кетсектағы,
Қиын екен жоқтығы ата-ананың.

61 жыл тойладың Жеңіс тойын,
Айтылушы еді бұл күнде барлық ойың.
Бала-шаға, немерең жиналатын,
Қайыңдыда құрылып сауық-ойын.

Өмірдің заңы қатал, бағынамыз,
Өзіңе, жан әкешім, табынамыз.
9 жыл болды жоқсың бұл өмірде,
Іздейміз, аңсаймыз, сағынамыз.

Риза болып аттандың бұл өмірге,
Әр сөзің құлақта әлі күнге.
Бар балаңды жиып алып айтып едің,
«Берік бол!»-деп балаларым бірлігіңе».

1941-1945 жылдардағы бозбалалар жауға қарсы тұрып, Отан үшін тайсалмай жан алысып, жан берісті. Сол уақыттағы бозбалалар, қазіргі таңда елімізде құрметпен еске алып отырған қымбатты соғыс ардагерлері. Қазіргі таңда ардагерлер саны мүлдем азайып барады. 1990 жылдар шамасында менің әкем 9-мамыр күні бір салтанатты жиында ардагерлерге арнап оқыған өлең жолдары бар еді:

О, қарттарым аз қалдыңдар ауылда,
Қайраттарың теңелуші еді дауылға.
Қан мен оттан біздер үшін тайсалмай,
Қарсы шықтың әзірейлі жауыңа.

Жауды жеңіп, Жеңіс алып бердіңдер,
Кейбірейуің жарым жан боп келдіңдер.
Достарыңды жерлей алмай арулап,
Елге келіп, жетім-жесір көрдіңдер.

Соның бәрін төзе білген тұлғалар,
Аты аталмай қалай бүгін құр қалар.
Қасиетін түсінетін сіздерің,
Алдарыңда құрша бүгін жорғалар.

Арнап бүгін өлең жаздым сіздерге,
Бейбіт өмір алып берген біздерге.
Сол баяғы қасиетті сақтаңдар,
Ғұмырымыз арналады сіздерге.

Ел бірлігі қариялар өздерің,
Кейінгілер өздеріңнің көздерің.
Бірлігі үшін керек қазір тек қана,
Ақыл айтқан жалғыз ауыз сөздерің.

Ұлы Жеңістің 60-жылдық мерейтойында Шалдыбай атама Арқалық қаласы әкімшілігі 3 бөлмелі пәтердің кілтін табыстады. Арқалық қаласының «Наурыз» алаңында ардагерлердің құрметіне арналған құттықтау сөздер мен мерекелік концертке ұласты.

60 жылдық мерейтойдан кейін атам сұрапыл жылдардың таңбасы болып қалған басындағы жарасы жанына батып, төсек тартып қалды. Ағаларым мен жеңгелерім қызметте жүрсе де атамды алақандарына салып бақты. Қайыңдыдан қаладағы 3 бөлмелі пәтеріне Нақан ағам алып келіп күтуші дәрігерді де жанына отырғызып қойған болатын. Әкем Ибаділде естісімен «Көкемнің қасында отырып, қарайлап



күтіп-бағамын, балалар жұмыстарынан қалмасын»-деп құрақ ұшты.

Асқар таудай атамыз осы дертінен айыға алмай 2006 жылдың 31 желтоқсаны күні дүниеден озды. Артында қалған бала-шаға, немере, шөберелері қатты қайғырды. Шалдыбай атамның туған жері Қайыңды ауылы, ол кезде Еңбекші совхозы деп аталған. Ол ешқашан туған жерін тастап, ешқайда қоныс аудармаған. Қолындағы ұлы Сапа мен келіні Айгүл атамның қолын жылы суға салып бақты. Ағам Сапа атамның азын-аулақ малына ие болып өсірсе, жеңгем Айгүл үй шаруасын дөңгелетіп, атамның үстіне кір жұқтырмай, қара шаңырақты екеуі берік ұстап қалды. Оларға бауырларының алғысы шексіз. Атама жасаған жақсылықтары балаларынан қайтсын демекпіз.

Қайыңдыдағы үлкен ұлы Жұмаділде келіні Күнжамилә қасындағы қамқоршы, ақылшы, кеңесшілері болды. Оларсыз еш нәрсе шешімін таппайтын. Атам кез-келген уақытта сағынышын басу үшін балаларын аралап қайтушы еді. Астанада Байділде-Орынбасар, Сапабек-Айжан ұлдары мен келіндеріне, Алматыдағы Зәуреш қызына, Арқалықтағы Нақан-Шолпан ұлы мен келіні, Ақбұлақтағы Тақан-Күләш, Фурмановтағы Жаңалық-Балғанша ұлы мен келінін жылына бір рет аралап, немерелерінің беттерінен сүйіп, шөберелерінің алақанынан су ішіп қайтатын.

Биыл Жеңістің 70-жылдығы қарсаңында Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің мұрағатына хат жолдап, Шалдыбай атамның соғыста болғаны, оның ерліктері мен наградалары жайлы толық мәліметтер алдым. Осылайша қолыма қалам алып, Шалдыбай атамды сағынышпен еске алып отырмын. Сіз біз үшін тірісіз! Ешқашан Сізді ұмытпаймыз, құрметтейміз, мақтан етеміз!

Ақмарал ШАЛДЫБАЙ,
немересі

Жауынгер Нұрмановтар

Барша соғыс ардагерлерін Жеңістің 70-жылдығымен құттықтаймыз! Ерліктеріңізге басымызды неміз, Сіздердің ерлік жолдарыңызды ұрпақтарыңыз жалғастыра береді. Ауырмандар, хас батырларымыз!

Осы айтулы мереке қарсаңында әулетімінен шыққан соғыс ардагерлері Нұрман, балалары ағайындары Шайдахмет, Әбдіхамит және Шаймерден әкелері туралы естелігімізді сол кісілердің рухына арнадық.

«Осы әкелерім соғыстан бұрын Кеңестік заманның репрессиясыз да көргенін айту керек. Байтабыл табанын жайлаған қайшақтың Қаз руынан шыққан атақты Қарадалылармен (Бақдәтжан Байқадмұстафин атасы) қатар ел басқарған Нұрман атамыз діни сауатты болған, мектеп ашыл, мешіт салдырған кісі екен. Өте ақылды болған атамыз 28-дін комсомесіне ілінеді, балалары құдаланып, бастарына күн туып, үнемі Шайдахметті (жазылуы Ақан Нұрмановтың әкесі) Әліби Жанкелдин атамыз Жетісу өңіріне асырып жібереді, құжаттарындағы мәліметтері өзгертіп, талдықорғандық болып кетеді, әйтелсе «Алаш» қоғаласына қатынасқан, Аманкелдінің сарбазы болған әкеміз «үштіктің» сотынан не жер аударылып, не атылып кетугі мүмкін еді. Сөйтіп Нұрман әулетінің бір ұрпағы репрессиядан аман қалғанымен соғыс басталғанда өзі сұранып, (білімінің арқасында банк басқарған, соғысқа бармайтындығын бұрынмен елде қалуы керек болса да) қан майданға аттанады. Шайдах (Шайдахмет) әкеміз 1943 жылдан хабарсыз кетеді, тек «қалып ізшілердің» көмегімен, біздер



Шайдахмет әкеміздің Беларусь жерінде 1943 жылдың 2 қазанында ерлігімен қаза болғанын анықтадық, Бүгіндері қолымызда Кеңес Одағының Қорғаныс Министрілігінің Орталық Архивіде сақталған құжаты бар. Әкеміздің жерленген жері де белгілі, «Бауырластар зиратында» Беларусь орманында орналасқан селода екен, амандық болса ұрпағы барып, басына елден топырақ салып, тағзым жасаймыз...

Менің өз әкем Әбдіхамит Нұрманұлы да 1929 жылы, неібір 16 жасында қантөсекеге ілігіп, жер аударылуға тиіс, ауыр науқас әкесінің орнына, бұл тұрқымы ретінде сотталып кетеді, бірақ 1932 жылы сауаттылығының арқасында арыздан отырып, ақталып шығады.

Ұлы Отан соғысы басталғаннан соң әкеміз 1942 жылы соғысқа алынады, Шүбаркөнде әскери жаттығудан өткеннен соң Белоруссия майданына аттанып, минометті сұралып соғыс қозғалып бөйде бағаланып, медаль-ордендермен, бас қолбасшы Сталиннің мадақтамалары, Жуковтың қолы қойылған Алғыс хаттармен марапатталады. Тек әкеміздің 3 үшінші дәрежелі «Данк» орденіне ұсынылғанын осы жақынды біліп отырмыз, көрмедік, шамасы әкеміз таза күміс медаль-ордендерден

сарқина-білезік соқтырып жіберді ме екен...

Бүгін ортамызда әкеміз болмағанымен біздер балаларымыз бен немере, шөберелеріне аталарының ерлік жолы мен еңбек жолын айтып отырамыз. Жеңістің 70-жылдық мерекесін әкеміз бен ағамыз көрмесе де, біздер сол соғыс ардагерлерінің салып берген сара жолымен бейбіт аспан аясында өмір сүріп жатқанымызға тауба айтып, жылда жеңіс күні ата-анамыздың зиратының басына барып дұға бағыштаймыз.

Ағамыз Бәтін Жақасқанқызы - «Батыр ана», тыл ардагері еді. Ағамыздың ең алғашқы Жеңіс күнін тойлағандары туралы әңгімесі еріксіз еске түсіп отыр, ұрпағымызға сабақ болар.

«Жеңіс жылдың көктемінде біздер, ауылдың ересек қыз-келіншектері, сонау Смайлда егін салып жатар едік, 9-мамырда көптен күтіп ансаған «жеңіс» деген қуанышты хабарды естідік. Сонда да қас қарайғанда елістік басында ұястап тұрып, алаш, тек қараңғы түссе, ышқырымызға тыққан бір-бір ұяс дөңірімізді алып, өзін арбамен Байтабылға келдік. Біз келсек ауыл қыстан шыққан арықтарға тоқта-лақтарын сойып, мөре-сәре болып, үй-үйді аралап қуаныштарымен белсініп жатар екен. Бізде соларға қосылып, ыстық сорпа ішіп, тойлап ан айтып, таң ата жұмысымызға оралып едік»-деп еді.

Ойлап отырсам аналарымыз да осы Ұлы Жеңіс күнін жақындыта белсене аттасып, аттең олардың аттары көп атала бермейді, әр ауылда соғысқа қатынасушылары орналасқан ескерткіштер де олардың да есімдері мәйірім тасып ойылып жалғасы ұрпағымызға нұбраты мол игі іс болар еді...

Әкем жақсыз құдаланып сотталып кеткенде Нұрман



Он алтысында от кешіп, «Полк баласы» атанған

Екінші дүниежүзілік соғыс өрті лаулаған 1942 жылы Өміржан Бірмағанбетов 16 ақ жастағы бозбала еді.



«Қазақстанның 40 жылдығы» аттыдағы советтен өзі қалмай еріп шыққан ағасы Сүлейменмен бірге Аманкелді ауданының орталығынан 1942 жылдың 14 қыркүйегінде соғысқа аттанды. Аудандық әскери комиссар Шаштыбай Әзімқұлов есімді азамат жасы 18-ге толмағанды туседі, сол армияның штабында тілмаш, кейін офицерлік қызметтер атқарды. Талай рет қолдарындағы нағыз дарымен жаумен де бетпе-бет ұрысқа түсіп, құпия құжаттарды аман алып қалысуда ерлік үлгісін көрсетіп, мемлекеттік марапаттарға ие болды. Шаймерден әкеміздің де кеудесінде «Қызыл ту» ордені жарқырап, өз әкем Әбдіхамит Нұрманов «Ерлігі үшін» медалі мен «Қызыл жұлдыз» ордендерін бас қолбасшы Жуковтың қолынан алғанын мақтаныш тұтатын еді.

Міне өздеріңіз оқып танысып отырған бір әулеттен шыққан батырлардың соғыс жолы осындай болған.

«Елі разы болмай, тірі байымайды». Біз, бүгінгі ұрпақ, ата-бабалар жолымен дұрыс жүріп, туған елімізге еңбек жасап, кішік қанымыз тамған ауылдарымызды көрсетуге ат салысып, аруақтарымызды разы болсын хак, Соғыс өрті енді жерімізде болмасын, рухы биік ұрпақ тарбиелен, Қазақ Елінің аспандата берейік!

Сүгірбай ӘБДІХАМИТҰЛЫ

Суретте: әкеміз Әбдіхамит Нұрманұлы

жаудан азат етісті. Жаудың сырын ашу мақсатында «тіл» ақелу тапсырмалары да табысты орындалған. Осындай ерліктері бағаланып, үшінші дәрежелі «Данк» ордені, түрлі дәрежедегі медальдарды иеленген.

Кеңес әскері қатарынан 1947 ж. оралған ол ел игілігі үшін анбай еңбек етті. Бала оқытып, пошта-саласында қызмет жасады. Қарындайынан қолына қару алып, елін жаудан қорғағаны үшін жауынгерлер арасында «Полк баласы» атанған Өміржан Бірмағанбетов әкем Амантай Шахметовпен бірге тұтқын ағайыны. Өмірінің соңына дейін Аманкелді ауданында бір шаңарақ астында өмір сүрді. Тағдырдың қиындығын бір кісідей көрген ол бізге арқашан ақыл-кеңесін айтып отыратын. Ұрпақтары өздері әперген жеңістің нәтижесін көріп, бейбіт күнде тірлік кешкеніне шүкіршілік етуші еді. Жан баласына жамандық ойламаған ақ пейілді қартты халық құрмет тұтатын. Қазір ағамызда болмаса да, жүріп өткен жолы, жарымы бейнесі мәңгіге жадымызда сақталары анық.

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ, ұрпағы.

Елім деп от кешкен майдангер

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 2015 жылдың мамыр айында 70 жыл тоғалы отыр.

Ұлы жеңістің 70 жылдығына, біздің егеменді еліміз үлкен дайындықпен қарсы алғалы жатыр. Бұл Ұлы жеңіс сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, әр адамның көкейінде, жүрегінде әр кез сайрап жататын, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, жанқиярлықпен, жан аямай ерліктерін сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалың-

дықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын паш еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

От кешіп, қан жұтқан сол бір жылдар барған сайын бізден алыстауда. Майдан мен тылдың аты аңызға айналған ерлері барған сайын азая түсуде. Біз болашақ бейбіт күннің ұрпақтары, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне бас иіп, тағызым етуіміз керек. Ия, бұл Жеңіс оңайлықпен келген жоқ, Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлік көрсеткен Аққошқар ауылының тұрғындарының есімдерін атап өткен жөн болар.

Олар: Баймағамбетов Ра-



Кенжекен ОСПАНОВ

мазан, Бейсенов Мырзақерім, Жұмабеков Ниязбек, Иманалин Жаңахмет, Исаков Ораз, Назаров Мәжен, Ордабаев Шойын, Оспанов Кенжекен.

Оспанов Кенжекен Әлібайұлы 1914 жылы Амангелді ауданы 8 ауылында дүниеге келді. 1939 жылға дейін колхозда әртүрлі жұмыстар істеді. Сол жылы әскер қатарына шақырылып ФИО соғысына қатысты.

1941 жылы Ұлы отан соғысы басталғанда ол кісі әскер қатарында болатын. Ал соғыстың 1-Беларусь майданында бастады. Бұл соғысты жеңіспен аяқтағанда 1945 жылы Жапон соғысына қатысады. Содан 1947 жылы аман есен елге

оралды. Ұлы Отан соғысында ол кісі екі рет жараланды. 1-ші рет иығымен иегі екінші рет аяғынан жарақат алды. Соғыстан кейін колхозда әртүрлі жұмыстар істеді. Атап айтсақ Коммунизм жолы ауылында зав. ферма сияқты одан кейін Сарыторғай ауылында дүкеншік болып, одан кейін малшы болып жұмыстар істей жүріп зейнетақыға шықты. Соғыста II дәрежелі Отан соғысы орденімен, Берлинді алғандығы үшін медальмен, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгендігі үшін медальмен және тағы басқа да медальдарымен марапатталды. Өмір бойы соғыс ардагерлерімізді құрметпен, ізгі ниетпен қастерлесек келер ұрпақ патриот болар деген ойдамын. Қазіргі таңда ағамызда сіреп қалған ардагер ата-әжелерімізге қандай сый- құрмет жасада көптік етпейді. Олар жасаған Ұлы ерлік ешқашан ұмытылмақ емес. Келешек үшін, дүние жүзілік жаңа жойқын соғысқа жол бермеу үшін бұл туралы ұмытпауға болмайды. Әрқашан біз үшін «Ер есімі - ел есінде» және де ешкім де, ешнәрсе де ұмыт қалмайды.

Айдос УАХИТОВ, Ақбұлақ жалпы негізгі білім беретін мектебінің география пәнінің мұғалімі.

Әке ерлігі ұмытылмайды



Жеңістің 70-жылдығы қарсаңында Отан үшін от кешкен ата-әкелеріміздің ерлігін айту бізге парыз.

Міне, сол сұм соғыста жаумен шайқасқан жауынгерлердің бірі, менің әкем Бимахан Байғабұл еді. Ол 1903 жылы Тосын өңірінде дүниеге келген.

Байғабұл баласы Бимахан жас кезінен әке тәрбиесін көріп, әкесіне үнемі серік бола білген. Оны аң аулауға ертіп алып, жанынан тастамайтын болған. Бимахан 15 жасында ұстаға мылтық соқтырып алып, аң аулауды үйренген. Сөйтіп, әкем шыңдала келе, шымыр болып өсіпті. Бар жоғына қарамай, қара нанды бөліп жеп, ағайын-туысқандарымен өте жақсы сыйласқан, әрі тіл табыса білген.

Бимахан 1923 жылы Жаңылған Қаламанқызына қосылып, отау тіккен. Анамыз Жаңылғаннан 10 бала туған.

Ел еңсесін енді-енді түзелген жыл, «Соғыс» деген суық саз кездегі қыр. Ауылдан жылап – сықтап әкелерді, Майданға аттандырған жаз еді бұл.

Нәубет берген тағдырға халық налып, Ер азамат кектенген қатуланып, Азан – қазан үреймен боздақтарды Шығарып сап жылаумен жатыр халық.

Бимахандай палуан шымыр еді, Құрыш қолды, сіңірлі, сом денелі. Әкем менің аңшы еді, жер танығыш, Құр кетпейтін атқанда көздегені.

Қоштасарда қарай-қарай Тармаққа, Қырық деген қамал бұзар жасында, Жанұясын бір Аллаға тапсырып, Қосылады жауға аттанған тобырға.

Жаулармен бетпе-бет кеп шайқасқан, Қан жұтқызып, тұншықтырып, жанышқан. Төрт жыл бойы барлауға да қатысып, Қар жастанып, мұз төсеніп соғысқан

Украина үшін қанды шайқас болыпты, Қазған окоп өліктермен толыпты. Жан алысып, жан беріскен шайқаста, Бимақанмен бес жауынгер қалыпты.

Жас кездерінде 1932 жылғы ашаршылық, әрі 1937-ші жылғы қуғын-сүргіннің зардабын кешкен. Елге түскен нәубет жылдары 10 баланың бесеуі қаза болады.

Осындай аласапыран кезеңнен кейін жылдар зымырап, қаһарлы 1941 жыл да келіп жетеді. Соғыс басталады. Байғабұл баласы Бимаханға соғысқа аттануға шақыру (повестка) келеді. Ер азаматтар соғысқа кеткенде, ауыртпалық анамыз Жаңылға қалды. Ол тылда аянбай еңбек етті. Балалары Мағау 9 жаста, Күлдір 5 жаста, Салық соғысқа кетерде туған. Еліміз жылай-сықтай ерлерімен қоштасып жатса, Бимахан, өжеттігін көрсетіп, «несіне жылайсыңдар, өзім қырып келем» дейтін. Аузына Алла салса керек, айтқандай-ақ болды.

Соғыстың қайнаған ортасы Украина жеріне жетіп, даярлықтан соң азаматтармен бірге соғысқа аттанған. Алғашқы шайқаста тойтарыс жасау өте қиын болған. Осыған қарамастан ержүрек Бимахан, қажыр-қай-

Жарылыс топырақ бой көмген еді, Жараланып жатқанда сонда мені, Байқозы батыр баба рухы келіп, Дем салып тұрғызғандай болды деді.

Барлық күшін жау аямай төккенде, Жібермеді фашистерді өтуге. Бес жауынгер бекіністе қарсы алды Негізгі күш атой салып жеткенде.

Жеңіс күні күлімдеуде көгімнен, Жесірлер жүр ерін күтіп егілген. Әкем келді иығында бес атар Марапаттар, ерлігіне берілген.

Омырауда медальдары ордені, Күнмен ойнап жарқыратқан кеудені. Мақтанышпен қарай берем әкеме, Сауыт киген батыр тектес төрдегі.

Заман емес күтетін қара басты, Әкем бірден еңбекке араласты. Арқасында еңбектің ел тойынып, Киіндірді күйзелген жалаңашты.

1949 жыл болып қысы қатты, Қиындық шаруа жайы алаңдатты. Қар аршып қажыған сол бір сәтте, Осколкі бүйірдегі ішке түсті.

раты мен ерлігімен көзге түсе бастайды. Жаудың бекіністерін барлау үшін солдаттарды іріктеген кезде осы топқа Бимахан да іліккен. Барлауға түн қараңғысында барып, ақпарат әкелуге көп көмек жасаған.

1942-жылы взводты соғысқа бастау Бимаханға міндеттеліп, арнайы бұйрық беріледі. Украина қанды қырғын, шегінуге болмайды. «Екі жақта адамдар қырылған, 5 адам қалып, кейінгі жауынгерлерге қосылдық» деген хат та келген. Әрине, әке ерлігін түгендеу мен үшін өте қиын. Ленинградты қорғауға да қатынасқан деген хабар келген.

Бимахан 4 жыл бойы соғыста денесіне оқ дарытпай, соңғы жеңіске жақындаған кезде бүйір тұсына жарықшақ (осколок) кірген. Бірақ осколкіге қарамай соғысып, 1945 жылы Берлинге дейін аман сау барған.

Соғыстан соң қарап жатсын ба? Елде жағдай мәз емес. Балық аулап, құс атып күн көре бастаған.

Ол уақыт қатынас жоқ шалғай жырақ, Күн көру аз ғана мал жүрек жалғап, Бимахан ауырғаны сезілгенде, Жаутаңдай жанұясы қалды аяп.

Зымыраған уақыт, жаз да жетті, Жайқалып тары сол жыл бітіп шықты. Ауырса да еңбектен қол үзбеді, Нұғыман, Мұқай, Ахметжан көмек берді.

Отан үшін сейілтсе қауіптерді, Жарақаттан жанына қауіп төнді. Ажалы көлеңке боп еріп жүріп, Қырық сегіз жасында алып тынды.

Төрт жаста мен де қалдым артыңызда, Төсек тартып жатпаған қиналса да. Той жасап, күлімдеумен кете бардың, Мәз болып ұрпақтарың қалғанына.

Туған жер Тармақ атты дархан дала, Төртеу едік әкеден қалған бала. Мағау, Салық, Күлдір өтті өмірден, Мен бүгін арттарыңда қалдым дара.

Міне, осы айтарым әкем жайлы, Түсін балам көңілім алаңдайды. Байғабұл ұлы Бимахан әкелердей, Ер есімі ел есінен жоғалмайды.

Садық БИМАҚАНҰЛЫ

Майдангер ерлігі мәңгілік

Әкеміз Молдабай Саржанов туралы естелік

Сонау майдан даласынан, жатқан жерден қан сасып,
Келдіңіздер жан аямай Отан үшін қан шашып.
О, ардагер, ағаларым арқаларың сіздердің,
Біздің бүйтіп жүргеніміз адам болып, жербасып!

Б.СҰЛТАЕВ

Саржанов Молдабай 1922 жылы 5 қаңтарда Қостанай облысы Жангелдин ауданының Торғай ауылында дүниеге келген. Торғай елі - Ақкөл жерінде өсіп-өніп еліне еңбегі сіңген, тынымсыз еңбек еткен қалған жалғыз тұяқ, ата-анасын ардақтап, жанұясын бағалап, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған азамат.

1941 жылы қыркүйек айында 19 жасында Қазақ ССР, Қостанай облысы, Торғай аудандық әскери комитетінен соғысқа шақыртылып, ел қорғау шебіне аттанып кеткен.

Қан майдан ортасына түскен Молдабай Саржанов гвардия кіші сержант атағын алып, фашистермен арпалысып, Украина жерінде Харьков қаласын қорғауға кіріседі. Украина фронтының екінші гвардиялық моторландырылған атқыштар бригадасының гвардия кіші сержанты, бірінші батальонның қол пулеметшісі Саржанов Молдабай Воронеж жерінде жауынгерлік табандылық пен ерліктің, Отанға шексіз берілгендіктің үлгісі ретінде аянбай шайқасады.


Бірде Думбровица елді мекеніне жақындап қалған неміс солдаттарын көріп қалған пулеметчик Молдабай Саржанов сенімді де жылдам шешім қабылдап, фашистерге пулеметінен оқ жаудырады. Сол сәтте екі немістің көзін жойып, үшеуін жаралаған екен. Осы жауынгерлік ерлігі бағаланып, Кеңес одағының жоғарғы президиумы: әскери тапсырманы үлгілі орындап, неміс басқыншыларымен күресте көрсеткен жауынгерлік айбыны мен ерлігі үшін 1944 жылы 22 мамыр айында №013 бұйрық бойынша Саржанов Молдабайды «Ерлігі үшін» медалімен марапаттайды.

Әкеміз Молдабайдан соғыс туралы сұрасаң, теңіз күрсініп, қан майдан туралы еске алудың қанша-

лықты ауыр екендігін айтатын. Елге аман-есен оралу тарихында, тек отбасында ғана сыр етіп айтушы еді. Қан майдан шайқастарда қан кешіп жүргенде, жаудың қарша бораған оғының арасынан снаряд жарылғаны есінде... Кейін әскери госпитальда есін жиғанда, естігені: бір күн, бір түн ес-түссіз ауыр жарақаттан төгілген қаны ұйып, үйілген топырақтың астында жатқан жерінен медбике қыз құтқарыпты.

Әрине, қаршадай қыздардың жауға деген ыза-кегі олардың бой-ларына ерекше күш-қуат, лүпілдеп соққан жұдырықтай жүректеріне жалындаған жігер беріп, атпалдай азаматтарды арқасына салып, ұрыс даласынан алып шығуы жеңіске деген құдіретті сенімнің жемісі екендігі сөзсіз. Адам баласы төзгісіз ауыртпалыққа қарамай соғыстың бітуін жақындатуға орасан зор үлес қосқан медбикеге, дер кезінде операцияны сәтті жасап, әкемізді аман алып қалған әскери дәрігерге деген қазіргі балалық ілтипатымыз бен сол сәттегі әкеміздің алғысы шексіз еді... 15-17 сантиметрлік снаряд жарықшағының жарақатынан айыға қоймаған әкемізді дәрігерлер соғысқа жарамсыз деп танып, елге қайтарған.

Елге оралған әкеміз ауыр жарақатына қарамастан атқа қонып тылдағы жұмыста еңбек атқарып жүріп, еліне аянбай қызмет жасады. Аңсап күткен жеңіс күніне де жетті. Жауапты қызметтер атқарды, кейіннен «еңбек ардагері» медалімен наградталды. Соғыс сұрапылынан есеңгіреген ауылда, елдің



ес жинауына ат салысып жүріп, ауылда комсомол жастарды басқарып комсомол қыз атанған анамыз Мешітбайқызы Разипамен бас қосып бақытты өмір сүрген. Бақытты жанұяның белгісі болған әке - шешеміздің екі ұл, алты қызы, олардан тараған немере - шөбере-шөпшектері қазір ата - әжелерінің жолымен еліне қызмет жасап жатқан жайы бар.

Сұрапыл соғысқа елінің бейбітшілік өмірі мен болашағы үшін жан аямай кіріскен сол кездегі әр солдатты біз қазіргі бейбіт өмір азаматтары «соғыс батыры» десек те болар еді. Себебі, батыр әкелеріміз бен аналарымыздың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс.

Отаншыл болу - ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр пұшпағын бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағанын ұмытпау - парыз. Осы бір қасиетті даламызды жаудан қорғап қалған батыр әкелеріміздің есімдері мәңгі жадымызда.

балаларының атынан
жазып - жинақтаған
Ақкенже
САРЖАНОВА

СОҢҒЫ ХАТ

Құсым ұшты қиын қыстау қияға
Қадір Алла көздің жасын тия
ма.

Бір күнгідей болмас еді-ау

көргенім

Қайта оралып қонар болсам
ұяма.

(хаттан үзінді)

Майдангер Ахмедия Сұлтанбекұлы-қазіргі Жангелдин ауданы Сарысу елді мекенінің тумасы. Әкесі Сұлтанбек Сарысуда мешіт ұстаған діни әруақты адам болған екен. Кешегі отызыншы жылдардағы зобалаң бұл отбасын да айналып өтпесе керек. Сұлтанбек қария Кеңестік саясатқа жат ислам дінін уағыздаушы ретінде Қызыл үкіметтің құрығына ілініп, көп қудаланады. Алғашында екі рет Қостанайдың ақ түрмесіне, кейін Астрахань түрмесіне қамалады. Тоғыз жастағы інісі Самат ата-ана қамқорлығынсыз қараусыз қалады.

Ахмедия Меңдіқарадағы мұғалімдер даярлайтын арнайы оқу орнын бітірген Торғай табанындағы үш адам болса, соның бірі болатын. Дегенмен де «халық жауының» баласына туған жерде тұрақтап қалып жұмыс істеуі тіпті де мүмкін емес еді. Ол алғашында Албарбөгетте, Тоқанайда мектеп ашып, кедей-кепшіктің балаларын сауаттандыру ісімен айналысты. Көп тұрақтамай Айтбай елді мекеніне жылыстап, онда «қара суы қатық

болған» аруақты Сұнтай руының қара шаңырағы Ораз молданың үйіне түседі. Атасы бір арғын-қыпшақты алалап, бөле қарамайтын Есмағанбет ақсақал Ахмедияны өз балалары Қауатай мен Әбдірахманнан кем көрмей ұстайды. Кейін Ахмедия осы отбасындағы Бәтима әжеміздің оң жақта отырған қызы Кәмешпен дәм-тұзы жарасып, отау құрады.

Қараусыз қалған Саматты да өз қолдарына алады. Киелі отбасының көмегімен жеке шаңырақ құрып, Шитүбекте мұғалімдік қызметін жалғастырады. Тіпті 1932 жылы Амангелді аудандық пансионатында директор болып қызмет атқарды,-деп отыратын Әсия апай. Соңында қазіргі Кемер, сол кезде Майтөбе елді мекенінде мұғалім бола жүріп, 1942 жылы маусым айында Торғайға әскерге шақыртылады. Бұл кезде 1898 жылы туған Ахмедияның жасы біразға келіп қалған еді. Қандай себеппен екенін кім білсін, әйтеуір, соғысқа алынып кете барады. 1943 жылы 383-атқыштар полкының құрамында Ленинградты қоршаудан азат етуге қатынасып, Сталинград майданында қаза тауып, хабарсыз кетеді. Жерлес майдангер достарының айтуынша, ауыр снарядтан оқопқа көміліп қалған деседі.

Бір кем дүниедей үнемі

жүректің түбінде жүретін өлең сөзімен өрілген осы бір сағыныш хаттары мәңгі назардан тыс қалатын шығар деп ойлаушы ем. Алдымызда – Ұлы Жеңістің 70 жылдығы мерекесі. Елмен қатар нағашымның да ерлік рухы риза болсын, әрі көзі тірі ұрпағының көңілінде жүрсін деген ниетпен газет бетіне жариялап отырмын. Айтпағанын жазырады, айтсаң көңілдің кірі ашылады демей ме?!



Ей, жаратқан, ынсап бергей адамға,
Бұл бір жұмыс кезі келген таланға
Ер басына ауыр нәубет түсіп тұр
Бір біз емес, бүкіл жалпы ғаламға.

Қара бұлттай жау жанарын басқан шел
Мен шығарып тарқатайын іштен шер
Қайта айналып көре алмасам дариға
Қош болып тұр, туып өскен қайран ел!

Мен қоңыр қаз мекенінен адасқан
Алыс қалды жақын туыс жанасқан
Қоңыр кеште құрбылармен ән салып
Күнім қайда, күліп-ойнап жарасқан?!

Қалқам, Мақсұт, шаршағанда тынысым,
Сенсіз папаң көрген күні құрысын
Еске түссе, өзегімді өртейді

Алдыр – бұлдыр сөйлеп жүрген жүрісің.

Әнуза мен Әсиям-ай, наз үнді
Кімге еркелеп көтертесің назынды
Папаң, бәлкім, енді қайтып көре алмас
Бәлкім, бұл хат ең соңғы рет жазылды.

Қиындықты көрді-ау папаң көрмеген
Ауыр іске душар болдым көлденең
Құшағыма ап сүйер ме едім сендерді
Бір қандырып сусынымды шөлдеген!

Жиені-Зибагул ЕДІРЕСКЫЗЫ.



Ерлігі ұмытылмас ардагерлер

Тарих беті үнемі жаңарып отырады. Десе де, ұмытылмайтын, халықтың есінен кетпейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бірі әлемді дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысы. Бірақ, сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында сұм соғыс 1945 жылы 9-мамырда Ұлы Жеңіспен аяқталды.



Бүгінде 9-мамыр, ардагер ата-апаларымызға тағзым көрсетілетін Ұлы Жеңістің күні ретінде мерекеленеді. Бұл мереке бейбітшілік пен ерліктің мерекесі. Біздің парыз - бұл күнді мәңгі есте сақтап, ержүректеріміздің ерен еңбектерін ұмытпау. «Ер бақытты ел қолында, ел бақытты ерлер қолында» - деп батыр Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей, ардагерлер қаһарлы соғыста кеуделерін от пен оққа тосып, өз халқына бейбітшілік, тыныштық, береке, бақыт сыйлағандар. Олай болса, еліміздің тарихында, жалпы әлем

тарихында Ұлы Отан соғысы ардагерлердің есімі өшпес ерліктерімен мәңгілікке алтын әріппен жазылып қалады. Тарих үшін бұл аз ғана уақыт болса да келешек ұрпақ өмірінде алатын орны ерекше.

Міне, содан бері 70 жыл өтті. Еліміздің азаттығы жолында от кешкен ерлеріміздің арқасында бақытты өмір сүрудеміз. Фашист басқыншыларын тізе бүктірген батырларымызды ешкім, еш уақытта ұмытпайды. Ұмытуға да тиісті емеспіз.

Арқалық қаласында 5 соғыс ардагеріміз бар. Мақтанышпен айтар болсақ, олар - Владимир Бушуев, Мұратқали Камалов, Тамара Пуцкина, Федор Романенко, Яков Федько.

Нәзіпа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің МД-32 тобының студенттері соғыс ардагері Федор Романенконың үйіне барып, Ұлы Отан соғысының 70 жылдығымен құттықтады. Атамыздың ерен еңбегі біз үшін үлгі-өнеге және 93 жастағы атамыздың:

«Қазақстан жастары көркейіп өсе берсін, өне берсін!» деген ақ батасы біздің көкірегімізде мәңгі есте сақталады. Сондықтан ардагерлерді құрметтеу, олардың алдында бас ию - қасиетті парызымыз.

Ел алдында борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақтың өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды. Ардагерлер ерліктері арқасында біз осы күнге жеттік. Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүріп, шаттана күлгеніміз - бәрі де соғыс ардагерлеріміздің арқасы. Әрине, соғыс болмасын! Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім алып, өз жеріміздің патриоттары болуға мүмкіндіктер барда кеш қалмайық. Ардагерлерімізді ешқашан ұмытпай, әрқашан сыйлап, құрметтеп өтейік.

Гүлім НҰРҒАЗИНА,
Н.Құлжанова атындағы
Торғай гуманитарлық
колледжінің тарих пәнінің
оқытушысы.

Низкий поклон Вам - за Победу!



В стране ширится благородное движение «Спасибо за Победу!». Эта масштабная акция осуществляется во имя увековечивания подвигов наших ветеранов и тружеников тыла в годы Великой Отечественной войны. Благодарные потомки выражают, тем самым, безмерную признательность за то, что они, одолев страшного врага, подарили им возможность жить и радоваться жизни.

По нашему Арқалықскому региону сегодня насчитывается шесть фронтовиков. Это Муратқали КАМАЛОВ - участник войны с Германией и японской военизированной. Кавалеры многих боевых орденов и медалей Тамара Ивановна ПУЦКИНА, Федор Григорьевич РОМАНЕНКО, Токай АБЖАН, Владимир Николаевич БУШУЕВ и Яков Афанасьевич ФЕДЬКО. Их боевой путь служит наглядным свидетельством истории войны. В них отразились горечь отступления, боль потерь, ожесточенные сражения за Сталинград, за освобождение оккупированных территорий и разгром врага весной сорок пятого.

Мы, бесконечно восхищаясь подвигом фронтовиков, отдаем должное трудовому подвигу тружеников тыла. По нашему региону насчитывается почти 300 человек

Жауынгерлік жолдары өлең-жырға айналған

49. Ахметбеков, Нұрқан. Дабылыңды қақ, балам [Мәтін] : [өлең] / Н. Ахметбеков; дайындаған: Сардан Әбікеев // Торғай таңы. – 1995. – 6 мамыр. – Б. 2.
50. Әбдірахманұлы, Ж. Жеңіс құны [Мәтін] : [өлең] / Ж. Әбдірахманұлы // Торғай таңы. – 1995. – 6 мамыр. – Б. 1.
51. Әбіл, Қоңысбай. Майдангерлермен мұңдасу [Мәтін] : [өлең] / Қ. Әбіл // Торғай таңы. – 1995. – 11 мамыр. – Б. 1.
52. Әбілхасенұлы, Сағи. Халқының ол мақтаны [Мәтін] : [өлеңдер] / С. Әбілхасенұлы // Қостанай таңы. – 2006. – 5 мамыр. – Б. 4.
53. Әмірхамзаұлы, Ғабдол-Ғазиз. Қарттарым, замандастарым, ардагерлерім! [Мәтін] : [өлеңдер] / Ғ. Әмірхамзаұлы // Торғай таңы. – 1995. – 4 мамыр. – Б. 2.
54. Әмірхамзаұлы, Ғабдол-Ғазиз. Солдат сөзі [Мәтін] : [өлең] / Ғ. Әмірхамзаұлы // Торғай таңы. – 1995. – 29 маусым. – Б. 4.
55. Байғабылов, Тоқтарбай. Соғыс жылғы балалар [Мәтін] : [өлеңдер] / Т. Байғабылов // Торғай таңы. – 1985. – 19 наурыз. – Б. 2.
56. Байділдин, Шөптібай. Жазушы осы өлеңді, атым Нұржан! [Мәтін] : [ақын-жыршы Нұржан Нұғымановтан қалған 36 ауыз өлеңі] / Ш. Байділдин // Арқалық хабары. – 2009. – 9 мамыр. – Б. 3.
57. Бақтыбаева, Мөлдір. Ұлы достық аясында. Соғыс оты. Сыр аға. [Мәтін] : [өлеңдер] / М. Бақтыбаева // Торғай. – 2007. – 18 мамыр. – Б. 5.
58. Бобров, В. Көздеуші Бәйішев туралы жыр [Мәтін] : [өлең] / В. Бобров. // Хайроллаұлы У. Тағылымды шежіре. – Арқалық, – 2004. – 132 б.
59. Дайырұлы, Сәрінжіп. Қарт майдангер сыры. [Мәтін] : [өлең] / С. Дайырұлы // Арқалық хабары. – 2010. – 7 мамыр. – Б. 4.
60. Даниярқызы, Сәби. Хабарсыз кеткен құлыным [Мәтін] : [өлең] / С. Даниярқызы // Торғай таңы. – 1995. – 6 мамыр. – Б. 3.
61. Досымов, Серікбай. Әке туралы сыр [Мәтін] : [поэма] / С. Досымов; суретте: Досым Шешенбайұлы // Аманкелді арайы. – 2010. – 7 мамыр. – Б. 1.
62. Дүйсекеев, Таңатқан. Сүйгізші қалқам [Мәтін] : [өлеңдер] / Т. Дүйсекеев; жазып алған: Ғалымжан Күзекбайұлы // Торғай таңы. – 1995. – 20 мамыр. – Б. 2.
63. Жүсіпбекұлы, Тұрғали. Окопта жазылған өлең [Мәтін] : [өлеңмен жазылған жауынгер хаты] / Т. Жүсіпбекұлы // Арқалық хабары. – 2005. – 6 мамыр. – Б. 3.
64. Қазымбеков, Қуанышбай. Жеңіс күні қастерлі [Мәтін] : [өлең] / Қ. Қазымбеков // Арқалық хабары. – 2010. – 7 мамыр. – Б. 4.
65. Қалиева, Гүлім. Ұлы Жеңіс күніне [Мәтін] : [өлеңдер] / Г. Қалиева // Арқалық хабары. – 2006. – 12 мамыр. – Б. 4.
66. Қасымов, Қоңыржан. От жалында туған шумақтар [Мәтін] : [өлең] / Қ. Қасымов // Арқалық хабары. – 2010. – 7 мамыр. – Б. 4.

67. Қойшыбай, Мұқият. Қалдырды еңбек таңба ғып [Мәтін] : [өлең] / М. Қойшыбай // Арқалық хабары. – 2010. – 7 мамыр. – Б. 4.
68. Молдашұлы, Болат. Адымдап тарта берші, қарт солдатым! [Мәтін] : [өлең] / Б. Молдашұлы // Торғай. – 2008. – 9 мамыр. – Б. 5.
69. Молдашұлы, Болат. Қарыштайды қайсарлықпен қадамдап [Мәтін] : [өлең] / Б. Молдашұлы // Арқалық хабары. – 2010. – 21 мамыр. – Б. 4.
70. Мырқалиұлы, Сағындық. Жеңіс туралы баллада [Мәтін] : [өлеңдер] / С. Мырқалиұлы // Торғай таңы. – 1995. – 4 мамыр. – Б. 2.
71. Нұрбаев, Шәйкемел. Дайынбыз Отанды қорғауға; Қарындасым, қамықпа; Елге сәлем [Мәтін] : [өлеңдер] / Ш. Нұрбаев; жазып алған: Қамария Нұрбаева // Торғай таңы. – 1995. – 4 мамыр. – Б. 2.
72. Оспанұлы, Серікбай. Жан аңсаған жалғыз сөз [Мәтін] : [өлең] / С. Оспанұлы // Қостанай таңы. – 2005. – 6 мамыр. – Б. 4.
73. Оташев, Сейітқали. Бүгінгі ұрпақ сөзі [Мәтін] : [өлең] / С. Оташев // Арқалық хабары. – 2010. – 7 мамыр. – Б. 4.
74. Сабыржанұлы, Сейітқали. Майдангер сөзі [Мәтін] : [өлеңдер] / С. Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2006. – 5 мамыр. – Б. 4.
75. Салықов, Жәмәли. Жауынгер хаты [Мәтін] : [өлеңдер] / Ж. Салықов; жазып алған: Сағи Әбілхасенұлы // Қостанай таңы. – 2004. – 7 мамыр. – Б. 4.
76. Сейтқалиқызы, Биғалима. Отан үшін жанын қиып боздақтар [Мәтін] : [өлеңдер] / Б. Сейтқалиқызы // Қостанай таңы. – 2004. – 7 мамыр. – Б. 4.
77. Соғыс құрбаны Сабыржан Бейсенбаевтың соңғы хаты [Мәтін] : [хабарсыз кеткен жауынгер жырлары] // Торғай таңы. – 1995. – 6 мамыр. – Б. 2.
78. Сомжүрек, Жұма-Назар. Бақыл бол, аға! [Мәтін] : [өлеңдер] / Ж. Сомжүрек // Арқалық хабары. – 2005. – 18 ақпан. – Б. 4.
79. Сүлейменова, Алмагүл. Біз соғыстың не екенін білмедік [Мәтін] : [өлеңдер] / А. Сүлейменова // Торғай. – 2007. – 25 мамыр. – Б. 4.
80. Сүлекешов, Жалғасбай. Ұмытпайық жауынгер өлеңін [Мәтін] : [жауынгерлердің өлеңмен жазылған сағыныш хаттары туралы] / Ж. Сүлекешов // Торғай таңы. – 1995. – 7 ақпан. – Б. 2.
81. Ұябаев, Өлкен. Өкемнің жазған жырлары еді [Мәтін] : [өлең] / Ө. Ұябаев // Қостанай таңы. – 2010. – 7 сәуір. – Б. 11.
82. Үсенқызы, Шырынкүл. Өкені аңсау [Мәтін] : [өлең] / Ш. Үсенқызы; жазып алған Клара Смайылова // Торғай. – 2010. – 2 шілде. – Б. 5.
83. Шалдыбай, Ақмарал. Өмір–өткел [Мәтін] : [өлеңдер] / А. Шалдыбай // Торғай. – 2005. – 17 мамыр. – Б. 2.

Әкеден қалған шумақтар

Құрметті редакция! Ұлы Жеңістің 70-жылдығына орай майдангер әкемнің соғыс жылдары жазған жыр жолдарын сіздерге жолдап отырмын. Әкем Ұябай Әлкенов 1913 жылы Саға ауылында (қазіргі Қызбел ауылы) туған. 9 жасында әкеден, 12 жасында шешеден айырылып, жетіп қалып, Жайсаңбайдың Боранбайы деген туған нағашысының қолында өскен. Білімі екі кластық. Соғыста артиллерия полкында болған. Соғыстан елге 1946 жылдың күзінде екі орден, бес медальмен оралды. Елде малшы болып, 1991 жылы қайтыс болды. Әкемнің аруағы риза болсын деп осы өлең жолдарын жолдап отырмын.

Майдангер ұлы
Жалғас ӘЛКЕНОВ.

Тірі жүрсе не көрмейді ғазез бас

Қарындаш, қағаз алдым қалып ойға,
Көңіл шат бола алмайды ақыл бойда.
Жалпының армиялық міндеті деп,
Біз шықтық он төртінші февральда.
Бұл бір іс душар болған кәрі-жасқа,
Бейнет пе уақытша түскен басқа.
Талайдың таланына кез болып тұр.
Дәлел жоқ айтатұғын бұдан басқа.
Санақта сол талайдың мен де бірі,
Деп айтар уақыт емес ұсақ-ірі.
Аман-сау, бұл сапардан біз келерміз,
Тысқара топырақтан болсақ тірі.
Жаратушы берсін өзі амандық,
Қисыныздан жанға істемей жамандық.
Сүйенер жоқ, сыйынғаным тәуекел,
Бір мен емес талайда бар жалғыздық.
Мына сөзден алыңыздар хабарды,
Отырса да өледі ғой ажалды.
Көңілге алып алды-артымды ойласам,
Дегенмен де сол бұзады ажарды.
Ой түседі қолға қалған жандарға.
Хат жазарда киін қалған жандарға.
Ойларыңа ағайындар келмесін.
Туыссызды аузыма алғанға.
Кім көнбейді құдіреттің ісіне,
Ұзақ жазып мылжыңдаймын несіне.
Хал-қадірінше еткен құрмет ағайын
Ұмытпаймын құрметтерің есімде.
Жалпы сау бол туыс-туған жағдайлас,
Тірі жүрсе не көрмейді ғазез бас.
Тоқтатамын сөздің соңын осымен.
Қош аман бол елде қалған кәрі-жас.

1941 жыл.

Осы еді елге арнап жазған хатым

Сар дала күзетемін ұзақ түнін,
Атады жарық таңы қашан мұның.
Еске алып, өткен күнді тұрсам санап,
Үш жылға мен шыққалы толды бүгін.
Талайлар тайғақ кешу жолда жүріп,
Аман-сау қосылыпты мұнан бұрын.
Өзірше ден-халім сау, жүрмін аман,
Жаратқан өзі біледі арғы түбін.
Талайды әр жағдайға кездестірді,
Нағылет Гитлер ит жайғалы уын.



Арам қол, қанды тұмсық, зәлім итті,
Құртармыз шықбастай ғып енді үнін.

Бұл жақтан хабар күткен елдегілер,
Газеттен көрмейсің бе істің түрін.
Дүниеде ынтымақ жоқ біздің елдей,
Басады қандай дұшпан совет жерін.

Мінекей Жеңіс бізде – көңіл шаттық,
Жылжумен күннен-күнге алға бастық.
Лепіріп аласұрған жауыздарға,
Соққымен жауап беріп, көңілін бастық.

Тазарды Совет жері жауыздардан,
Біз басып талай шыңды өттік әрмен,
Көп болды бұл араға біз келгелі,
Хат жаздым қазір міне Венгриядан.

Елдегі замандастар жүрген бірге,
Мен заман міне қазір бір көруге.
Осыдан аман – есен қайта барсақ,
Болмас еді ешбір арман бұдан өзге.

Айтады деп жаман сөзді, халқын сөкпе,
Сөйлейді деп жоқ нәрсені бекер текке.
Белгісіз алдағы өмір не болары,
Мен жүрмін зор айқайды Будапештте.

Осы еді елге арнап жазған хатым,
Көбінің уақыттым жоқ атауға атын.
Көп сәлем елдегінің бәріне де,
Сөзімнің тоқтатамын енді артын.

1944 жыл

Таланға душар болды мұндай заман

Сарықопа, сәлем жаздым алабыңа,
Мекен ғып тұрған қазір адамыңа.
Білдірем хат арқылы хабарымды,
Қолыма қарындашты аламын да.

Аман – сау барсыңдар ма артта халық,
Ойлаймын әр жағдайды көңілге алып.
Өскен ел, туған жер мен замандастар,
Көретін күн болар ма қайта барып.

Белгісіз ілгеріде болатын іс,
Өте ме өмір шіркін, көргендей түс.
Ойласам әр жағдайды көңілге алып,
Арман көп, о, дариға, қайнайды іш.

Хабарым сұрағанға жүрмін аман,
Таланға душар болды мұндай заман.
Жүремің жақсы жайда әзіріңше,
Көп ойлап, жүдемеңдер артта қалған.

Емеспін машығы бар, сөзге шебер,
Көп жазып тарқатуға көңілден шер.
Болармыз әлде қалай ілгеріде,
Қош халқым, қоштасамын қолыңды бер.

1942 жыл

Болмасын соғыс

(баллада)

Ұлы Отан соғысының
ардагері марқұм әкем
Молдаш Жұмантайұлына

Түс мезгілі төбеден
Қара бұлт келіп мұң басты.
Соғыс өрті лаулаған
Жауынгерлер шуласты.

Бастап кетті командир,
Автомат алып уралап.
Отан үшін жан пида,
Шайқасқа шықты туралап.

Қара түнек түн басты,
Көбейді өлік сандары.
Қиылды қыршын
шыбын жан,
Ішінде кетті арманы.

Катюша оғы зулайды,
Найзағайдай жарқылдап.
Зеңбірек те тулайды,
Аузынан оты лапылдап.

Ұясын қимай боз торғай,
Қалықтап тұр шырылдап.
Отаны үшін жас солдат,
Жанын қиды қырылдап.

Қарағай қайың қаптаған,
Орыстың қалың орманы.
Жау көзінен тасалап,
Болады әр кез қорғаны.

Сәл тыныштық мезгілі,
Ауырлап жатып жарасын.
Көзі ілінген жас солдат,
Түсінде көрді анасын.

Сағыныш па, білмеймін,
Жасқа толы қарасың.
«Құлыным»-деп құшақтап,
Бауырына қысты баласын.

Өксиді ана, өксиді,
«Сағындым балам,
балам»-деп.
Оянып кетті баласы,
Анам, анам, анам-деп.

Дірілдейді қара жер,
Бомбалардың солқылы.
Жасыма дейді солдатқа,
Тулаған Днепр толқыны.

70 жыл өтті арада,
Қызыл гүл басты жер үстін.
Батырлыққа балайды,
Жайнаған ерлік жеңісің.

Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Көрерсің солдат кемісін.
Мәңгілік тарих бетіне
Жазылды осылай Жеңіс күн.

Сапта тұр міне жас солдат,
Отанын қорғар ұланы.
Қасына келді қарт солдат,
Кешегі соғыс қыраны.

Орденге толы кеудесі,
Ұқсайды батыр төреге.
Батасын берді атасы,
Қолын жайды немере.

«Мына өмір бақытты
Тыныштық мәңгі орнасын.
Ұрпағыма тілерім,
Болмасын соғыс, болмасын»

Болат МОЛДАШҰЛЫ,
ақын-сазгер.

Бір суреті қалмапты

(Сапар Шәріпұлының мағлұматы
бойынша)

Жауынгер боп ер жігіті даланың,
Көксеп сонау майдан шебі алаңын.
Әкем менің кеткеннен соң соғысқа,
Тоғыз күннен кейін туған баламын.

Күні таяп қалған жарға зер сала,
Әкем менің: «Туа қалса ер бала,
Атын Сапар қойыңдар», - деп айтыпты,
Кетеріне байланысты жер шала.

Құптап жұрты қала берген артында,
Орындапты айтқан сөзін қалпында.
Әттең, бірақ ұлын көру бақыты,
Бұйырмапты әкем Шәріп марқұмға.

Мерт болғаны нақтыланып қай маңда,
Ленинградтың түбіндегі майданда.
Қанды қырық төртінші жыл кезінде,
Хабар кепті әкем қайтқан жайдан да.

Сол себепті көрмей өстім әкемді,
Болмайды да көретіндей сәт енді.
Ең болмаса бір суреті қалмапты,
Көңіліме ететіндей дәт енді.

Әкем Шәріп дүниеден өткенмен,
Қалғаным жоқ кейін ұлы көштен мен.
Майдангерден қалған тұяқ Сапардың,
Естелік бұл өз басымнан өткеннен.

Қазір жетпіс төртке келіп қалыппын,
Өмірден мен үлесімді алыппын.
Ұлдарым мен қызымнан бар ұрпақтар,
Тіршіліктің қызығына қарықпын.

Келе жатқан елдің іші тыныс қып,
Халқымызға көрінетін тым ыстық.
Жетпіс жылдық жеңіс күні мейрамы,
Құтты болсын орнаған күн тыныштық!

Қуанышбай ҚАЗЫМБЕКОВ

Аман-Есен



Көп үйдің шет жағында қараша үйден,
Тетелес екі бала шығушы еді.
Аман есен жүрсін деп қос құлынын,
Алладан тілек тілеп жүруші еді.

Күз келді қара суық ызғарымен,
Жалғасты қар аралас жауынымен.
Жыртықтан үйдің іші қарға толды,
Қайда барып паналар баласымен.

Таңертең отағасы малға кеткен,
Болмады хабародан сол кеткеннен.
Отағасының дауысы шықты сырттан,
Есікті зорға ашты күрекпенен.

Сол түні үлкен ұлы ауырып қалды,
Жан ұшырып ата анасы безек қақты.
Екі үш күн ауырып жатып қайтыс болды,
Кемпір шал зар еңіреп артта қалды.

Бауыр еттен жаралған баласының,
Жанын сақтап қала алмады Аманының.
Алладан қорыққаннан тәубә қылды,
Есеннің тіледі енді амандығын.

Есені жігіт болды жиырмаға кеп,
Тәубә деді шаңырақтың иесі деп.
Кейде ол еркелейтін жас балаша,
Анасының мойнына асылып кеп.

Қара бұлт көк күмбезін жауып кетті,
Сол күні «Соғыс» деген хабар жетті.
Бұл хабарды естіген бүкіл халық,
Дүрлігіп қорқыныштан есі кетті.

Ел-елден әскерге адам алып жатты,
Жарамдылар әскерге кетіп жатты.
Әр шаңырақ күтіп жүр қорқынышпен,
Әскерге шақыратын сол қағазды.

Сол қағаз жетті міне Есенге де,
Айрылды кемпір мен шал естен мүлде.
Жарамды болса жақсы денсаулығы,
Алады болса егер сол тізімде.

Сол бір күн 41 дің күзі еді,
Есеннің алынатын күні келді.
Аман есен орал деп кемпір мен шал,
Берді де ақ батасын қала берді.

Кеткелі төрт бес айдай болып қалды,
Күтеді ата анасы бір хабарды.
Күтетіні жақсымыз, деніміз сау,
Деп жазған үшбұрышты сол бір хатты.

Күн түнерсе халық та түнеретін,
Күші де жоқ ауырлықты көтеретін.
Тосын мінез көрсеткен табиғатта,
Суық хабар айтуға бөгелетін.

Қара шаңырақ иесі Есен дейтін,
Ұлын ойлап ата анасы елеңдейтін.
Ақ арулап қойса егер өз қолымен,
Арман жоқ артымызда қалса дейтін.

Жақсы хабар келеді деп баласынан,
Қарайды қара жолға күнде күнде.
Сарғайып күтіп жүрген баласынан,
Қара қағаз келді міне бұл үйге де.

Жылаудан анасының көзі кетті,
Күйіктен әкенің де әлі кетті.
Жылады, еңіреді қос құлынын,
Жоқтаумен кемпір шалдың өмірі өтті.

Артында ұрпағының қалмағанын,
Соны ойлап іштерінен қайғыратын.
Көп ұзамай қос қария қайтыс болды,
Не күш бар бұл өлімді тоқтататын.

Иесі осы үйдің қара құлып,
Мұңайып ілулі тұр есігінде.
Соғысты енді қайтып көрмейікші,
Тыныштық болсын мәңгі елімізде.

Бітай ҚАЗГЕРЕЕВ,
зейнеткер.
Фурманов ауылы.

ТАРЫҚҚАННАН КӨЗДЕН ЖАСЫМ ТІЗІЛІП...

Аманбаев Жәлелдің Ұлы Отан соғысында шығарған өлеңдері

Қалам алдым қолға қаным бұзылып,
Тарыққаннан көзден жасым тізіліп.
Күніен күнге қасіретім артады,
Жаксылықтан кетті күдер үзіліп.

Қайыршыдай қашық саллық иінге,
Біз жатырмыз жан баспаған бүйірде.
Тарыққаннан енші алыстық тазалықтан,
Кір жуытпай жүрген дене киімге.

Жүріс қатты табан қалды тесіліп,
Мезгілімен демалыс жоқ шешініп.
Қайран төсек жататұғын күн қайда,
Еркін жатар екі аяқты көсіліп.

Құрғыр жаным сендей мықты көрмедім,
Соңдадағы ажал жетіп өлмедім.
Құрығанша Гитлердей фашизм,
Ғұмыр жетсе таусылмайды ермегім.

Сағындырар туған ел мен ескен жер,
Сендерді ойлап ішке толды қайғы-шер.
Жер саясы Шұбаркөлдің жағасы,
Көрінеді кірпідей боп бізге шөл.

Бізден сәлем Әбжан, Жақан ағаға,
Әбдібек пен інім Сұлтан балаға.
Жалпы сәлем және дағы айтарсыз,
Қарындасым Бибісара жанға да.

Хат жазамын Мизенбайдай жолдасқа,
Жаксы көрген ретінде жөн басқа.
Артта қалған семьяға көзің сал,
Екі талай жұмыс түр ғой бір баста.



Осы өлең жолдарын айтып бола бергенімде бір қартаң әйел "ой, бауырым", деп дауыс салды. Мен сасып, не істерімді білмей анырып қалдым. Тойда отырғанбыз. Бұл 1965 жылдың жаз айы болатын. Тойда шулап отырған үй толы адам су сепкендей тына қалды. Әлгі қария өкісін баса алар емес. Кінәлі адамдай үршіп мен отырмын. Әлден уақытта маған тақап, бұл өлеңді қайдан үйреніп деп сұрады. Мен "Қойшы досымның шешесінен бесік тербеп ынылап айтып отырғанда жаттаған едім. Нұрсұлу әжем жылап отырып айтатын" – дедім.

Бұл өлең жолдары Аманбаев Жәлелдің елге жазған хаты екен. Ал манағы әйел туған қарындасы, 1930 жылдары Шымкент жакқа тұрмысқа шыққан Бибісара апай болып шықты. Елге 35 жылдан кейін оралып отырғанда соғыстан оралмаған ағасының өлеңі алдынан шықты. Енді осы өлең жолдары авторына тоқталайын. Аманбаев Жәлел Аманкелді ауданында 1906 жылы туған. Орта мектепті бітірген. Саяси сауат ашу курстарын томамдаған сауатты азамат болған. Мұғалім, кейін шаруашылыққа араласып, колхозда басқарма, партия басшысы болған. Осындай әр салада жемісті жұмыс атқарып жүргенде 1937 жылдың зұлматы бұл азаматтарды айналып өтпеген. Шет ел тыңшысы

деген жала жабылып, қамауға алынған. Жылға жакын азап пен ашықтан бұралып, сот шешімін күткен. Ақыры тыңшы деген жаламен 10 жылға бас бостандығынан айырылып, Сібірге жіберілген. Сауатты азамат өзінің жазықсыз сотталғанын әр деңгейдегі органдарға жазып, ақыры 1940 жылы түрмеден ақталып шығады. Елге оралған соң бейбіт еңбекке араласалы.

Арада жыл өтпей Ұлы Отан соғысы басталады. Алғашқылардың бірі болып соғысқа аттанады. Артында ағайын-туысы, әйелі, жасқа толмаған Әнуарбек атты ер баласы қалады.

Біздің Торғай, Қостанай аймағынан әскерге шақырылған азаматтардың көбісі осы өлең жолдарындағы Челябідегі Шұбаркөл маңына дайындыққа барған. Осы әскери дайындық орталығы соғыс кезінде аса қатаң режиммен қарапайым азаматтарды соғыс өнеріне дайындаған. Әскери дайындықтың қаталдығынан өлген, соғыстан қашқан азаматтар болған.

Кейбір сауатты азаматтар қашып, жоғарғы ставкаға Шұбаркөлдегі айуандық жайлы арызданған. Кейін тексеру барысында кей әскери басшылардың неміс командованиесіне қызмет жасауға бейімделіп, Совет жауынгерлерін әскери дайындық кезінде тигықтатып, соғысқа жарамайтындай жағдайға жеткізгені анықталды. Осы жағдайды елге аман оралған, Шұбаркөлде болған азаматтардың көбі айтады.

Көп жағдайда соғыста болған азаматтар соғыс жағдайын ғана айтпай да, соғыс өнеріне дайындық жайлы жаза бермеген. Ал мына Жәлел аға соғысқа кірместен-ақ қандай қиындықты бастан өткергенін нақты, анық жазып елге жеткізген.

Ардақты азаматтың Ақай жерде мерт болғаны белгісіз. Соғыстан хабарсыз кеткен. Тек артында елге жолдаған оншақты ауыз өлеңі қалды. Өзі кеткенде жасқа толмай қалған Әнуарбекі азамат болып, үйлі-баранды болды.

Өкінішке қарай бұл азамат та өмірден ерте озды. Артында Тәйкен атты жары, Қанат, Марат, Талғат, Данагүл, Толқынбай атты балалары қалды.

Қанаты Арқалық қаласының Құрметті азаматы. Басқа балалары әр салада еңбек етуде.

Қазақта "артында бар оңалар" деген қанатты сөз бар.

Ел үшін аянбай еңбек жасаған, жазықсыз жапа шеккен асыл ер Отан үшін опат болды. Артында ағасы Әбдібектен тараған ұрпағы, туыс-туғаны қалды. Ағайын, елі есіл азаматын ешқашан ұмытпақ емес. Әбдібек әкеміз бен Нұрсұлу әкемізден Сұлтан, Қойшы, Кенжебек атты балаларымен Жыланшықта бірге тұрдық. Сұлтан аға, Қойшы жолдас, Кенжебек іні болды. Кәзір бұл кісілер Арқалық қаласында тұрады.

Шөңтібай БАЙДІЛДИН,
Арқалық қаласының құрметті азаматы,
оюшы, қолөнер шебері,
өлкетанушы.

Ұлы Жеңіс!

Жеңіс!
Тілімде жүр қасиетті бес әріп,
Қасиетін майдангерден сұралық.
Талай боздақ жанын қиған ерлікпен
Бейбіт күнге жету үшін бұл анық.

Жеңіс!
Құлағыма сіңіп қалған бес үнің,
Ұлы сөздің ұқтырғандай төркінін.
Есіл ердің ерлігінің белгісі,
Шырқап жүрген бейбітшілік бұл-әнім!

Мамыр айы. Күн ысиды, жанады.
Алаулайды күннің отты жанары.
Одан да ыстық шаттандырған халықты,
Бейбітшілік. Ұлы Жеңіс жалауы.

Ерболат ӘБШҮКІРОВ

Жеңіс туралы баллада



Әні мен сөзі Болат Молдашұлынікі

Зеңбірік пенен катюша үні,
Уралаған дауыс айдала.
Төгілді қаны қиылды жаны
Қаншама боздақ майданда.

Пулемет сепкен, қоршалған шептен,
Ерлікпен бұзды қиынды.
Оққа да ұшқан, ақ қарды құшқан
Қаншама өмір қиылды.

Жалғзын іздеп, ботам деп боздап,
Аңырады қанша анасы.
Соғыстан қайтқан солдаттан сұрар
Әкесін іздеп баласы.


Қара бұлт пенен қара мұң басқан,
Сұм соғыстың кесірі
Өсіріп ұлын жеткізді бүгін
Кешегі солдат жесірі.

Өзбек пен қазақ, армян, орыс,
Қаншама ұлттар тоғыстың.
Қадірі де бір, қабірі де бір
Батыр ұлдары ол соғыстың.

Жарқырап атқан арайлы ақ таң,
Қуаныш, бақыт ел үшін.
Олар үшін нақ, бізге берген бақ
Жасай бер жаса Жеңіс күн.




Зең-бі-рік пе-нен... кә-тю-ша үні Ура-ла-ған да-уыс ай-да-ла




Тө-гіл-ді қа-ны қи-ыл-ды жа-ны Қан-ша-ма боз-дақ майдан-да



Пу-ле-мет сеп-кен қор-шал-ған шеп-тен Ер-лік пен бұз-ды қи-ын-ды



Оқ-қа да ұш-қан ақ қар-ды құш-қан Қан-ша-ма ө-мір қи-ыл-ды



Жеңіс құны

Сөзі: Ж.Сомжүректікі Әні: Ж.Өмірбековтікі

Аямай аяулы өмір-жүрек қанын,
Жүрді әкелер ішінде сан-оттардың.
Жеңіс құны-Сұлтандар кеткен өліп
Төсін төсеп аузына ДЗОТ-тардың.

Көп сырды шертер әлі сыршыл көктем,
Күпті ғып жүректі бар дүрсілдеткен.
Жеңіс құны-қыз сүймей құшып бірде
Боз өрім бозбалалр қыршын кеткен.

От кешіп, Отан үшін алысқандар,
Салар мәңгі елімен табысқандар.
Жеңіс құны-лаулаған самолетпен
Жауға түскен Әбдіров арыстандар.

Айтарым сол:-сыр ұққан, жыр ұққандар,
Күн сайын ата бергей күліп тандар.
Жеңіс құны жетеді үн желмен бірге
«Ей, ұрпақ,-деген,- бізді ұмытпаңдар!»

Жеңіс құны

Сөзі: Ж.Сомжүректікі Әні: Ж.Өмірбековтікі

Тұрған-дай болғанда өмір сеніңің де

хабар-ы жеткен тұрғын жеңістің де

бүз жемдік жауынды жемісденіп шаттық

қи шаарықтаған сыңатін де

қайғысы мен аңғы көп жарыа-

нар барды-і ұямы күлген барыа-мар

жеңіс құны бір қи-і ошымнастан шәйт болған мәңгі

Жадында елдің ерлік боп мәңгі жаңғырды



Жеңістің жетпіс күзі мен жазы қыс өтті,
Ауысып ұрпақ, өзгеріп әлем түлепті.
Жүрекке салған зілі мен қайғы, азабы
Сақталып бүгін, ерлігі мүлде өшпепті.

Зарығып ана үмітпен жалғап таңдарын,
Соғысқа кеткен ұлының күтіп жолдарын.
Шер болып кеуде, жас болып жанар сарылып
Хаттарын құшып өткізді ана тағдырын.

Жесір боп жастай, қырауы шалып кеудені,
Жүрекке жүрмей, жапырақ қағаз пәрмені.
Ортаға түсіп, шаңырақ талай зар илеп
Мәңгілік сөніп, жағылмай қалды түтін.


Соғысқа кеткен жолынан күтіп әкенің,
Іздеумен аңсап, сарылып әке ізінің.
Бейнесін жасап, ер жетті перзент бүгінде
Ұшқынын көрмей әкелік асқар мейрімнің.

Артында қанша бауырлар қалды көре алмай,
Жүректе назын соңғы рет болсын шерте алмай.
Құранын оқып, құрбандық шалып тұрарға
Мәңгілік мекен қабірін болсын таба алмай.

Зырлады уақыт, қара жер бәрін жасырды,
Төгілген қандар зиратты қатар толтырды.
Бүгінде қайсар, азайып сол бір батырлар
Жадында елдің ерлік боп мәңгі жаңғырды.

Сандуғаш БЕКІШОВА,
Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институтының 2-курс студенті.

**Ұлы Жеңіске зор үлес қосқан жерлестеріміздің
есімдері енген кітаптар**



Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Мен батырдың ұрпағымын» атты челлендж



Ұлы Отан соғысының ардагері Өткелбаев Ысқақ (1915-2012) жылдары өмір сүрге. Туған жері – Торғай облысы, Жақсы ауданы, Запорожье ауылы. Ол 2-дәрежелі Ұлы Отан соғыс орденімен марапатталған. Ардагердің немересі – Өткелбаева Сапура Боранбайқызы өз атысын мақтаныш тұтады.

Жеңісті жақындатқан Торғайлықтар

84. Абайділдин, Өмірбай. Мен әкеммен мақтанам [Мәтін] : [соғыс ардагері Әбәйділде Нұрманов туралы] / Өмірбай Абайділдин // Торғай. – 2015. – 7 тамыз. – Б. 3.
85. Абдуллин, Әмірхан. Брянскіден Берлинге дейінгі жауынгердің ерлігі [Мәтін] : [майдангер Райымбек Ахметов туралы үзік сыр] / Әмірхан Абдуллин // Біздің Торғай. – 2014. – 6 мамыр. – Б. 3.
86. Абдуллин, Әмірхан. Майдангердің ерлік істері елде жалғасты [Мәтін] : [сурет бар] / Әмірхан Абдуллин // Біздің Торғай. – 2013. – 15 қазан. – Б. 2.
87. Абдуллин, Әмірхан. Сталинградты қорғаған есіл ер [Мәтін] : [майдангер Әуезхан Қошмағанбетов туралы] / Ә. Абдуллин ; суретте: Әуезхан Қошмағанбетов // Қостанай таңы. – 2010. – 30 сәуір. – Б. 9.
88. Абдуллин, Әмірхан. Полк командирі [Мәтін] : [гвардия полковнигі Мырзағали Жангелов туралы] / Әмірхан Абдуллин // Біздің Торғай. – 2010. – 12 ақпан. – Б. 3.

- 89.Абдуллин, Әмірхан. Майдангер - мұғалім [Мәтін] : [жауынгер Балға Кәкімұлы туралы дерек] / Әмірхан Абдуллин // Торғай. – 2008. –18 қаңтар. – Б. 4.
- 90.Абдуллин, Әмірхан. Біз - майдангерлер ұрпағымыз [Мәтін] : [майдангер ағаларымыз туралы] / Әмірхан Абдуллин // Қостанай таңы. – 2007. – 22 мамыр. – Б. 6.
- 91.Абдуллин, Әмірхан. Гвардия полковнигі [Мәтін] : [майдангер Мырзағали Жангелов туралы] / Әмірхан Абдуллин // Торғай. – 2005. – 17 маусым. – Б. 4.
- 92.Абдуллин, Әмірхан. Шөбересін жетектеген майдангер [Мәтін] : [жауынгерлер Сүндетбай Әлин мен Сабыр Батырғалиев туралы] / Әмірхан Абдуллин // Торғай. – 2005. – 22 сәуір. – Б. 4.
- 93.Абдуллин, Әмірхан. Тағдыр тауқыметі [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Қазымжан Исмайлов туралы] / Әмірхан Абдуллин // Торғай таңы. – 2004. – 3 қыркүйек. – Б. 4.
- 94.Абдуллин, Әмірхан. Ақиқаттың азапты жолы [Мәтін] : [соғыс ардагері Қазымжан Смайлов туралы] / Әмірхан Абдуллин // Қостанай таңы. – 2002. – 29 наурыз. – Б. 3.
- 95.Абдуллин, Әмірхан. Қазымжанның қасіреті [Мәтін] : [жауынгер Қазымжан Исмайловтың соғыстан соң сотталуы туралы] / Әмірхан Абдуллин // Торғай таңы. – 1996. – 8 мамыр. – Б. 2.
- 96.Абдуллин, Әмірхан. Тар жерде тоғысқан тағдырлар [Мәтін] : [майдангер Райымбек Ахметов туралы] / Ә. Абдуллин; суретте: Райымбек Ахметов // Торғай таңы. – 1995. – 8 шілде. – Б. 2.
- 97.Абдуллин, Әмірхан. Қанатты қарт [Мәтін] : [әуе десанты жауынгер Мырзағали Иманғалиев туралы] / Ә. Абдуллин; суретте: Мырзағали Иманғалиев // Торғай таңы. – 1995. – 18 мамыр. – Б. 2.
- 98.Абдуллин, Әмірхан. Өмірге құштарлық [Мәтін] : [майдангер Шайсұлтан Биекин туралы] / Әмірхан Абдуллин // Торғай таңы. – 1994. – 3 желтоқсан. – Б. 3.
- 99.Абдуллин, Әмірхан. Жауынгер Жанғабыловтың жеңіс көктемі [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Жапар Жанғабылов туралы] / Ә. Абдуллин ; суретте: Жапар Жанғабылов // Торғай таңы. – 1992. – 20 маусым. – Б. 2.
100. Ағытай, Ибраһим. Майдангер бейбіт өмір жауынгері [Мәтін] : [майдангер Оразбай Мұқатов туралы] / Ибраһим Ағытай // Біздің Торғай. – 2018. – 5–11 мамыр. – Б. 4.
101. Адайқызы, Гүлнара. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды [Мәтін] : [ҰОС-ның ардагері Қуаныш Көшенұлы туралы] / Гүлнара Адайқызы // Қостанай таңы. – 2015. – 3 маусым. – Б. 6.

102. Айдарбекқызы, Зәмзәгүл. Нұрғазының ерлігі [Мәтін] : [майдангер Нұрғазы Мұхамбетов туралы] / 3. Айдарбекқызы ; суретте: Нұрғазы Мұхамбетов // Қостанай таңы. – 2010. – 5 мамыр. – Б. 4.
103. Айғожин, Мұратхан. Сағына еске аламыз, әке, сізді... [Мәтін] : [биыл туғанына 100 жыл толған әкем - марқұм Аяжан Сатыбалдыұлының рухымен сырласу] / Мұратхан Айғожин // Қостанай таңы. – 2016. – 10 тамыз. – Б. 14.
104. Айқадамова, Айтолқын. Соғыс енді болмасын [Мәтін] : [ҰОС-ның ардагері Батыр Әлмағанбетов туралы] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. – 2015. – 22 мамыр. – Б. 8.
105. Айқадамова, Айтолқын. Ұлы бардың өзі бар, қызы бардың көзі бар [Мәтін] : [ҰОС-ның ардагерлері Жұмат пен Жұмаш Құрманов туралы] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. – 2015. – 5 мамыр. – Б. 4.
106. Айқадамова, Айтолқын. Өткен күннен белгі бар [Мәтін] : [жауынгер Молдасалық Бөженов туралы] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. – 2005. – 29 наурыз. – Б. 5.
107. Алмат, Орекен. Сұрапыл соғыс жылдары [Мәтін] : [торғайлық 2261 жауынгер Отан үшін опат болды] / Орекен Алмат // Қостанай таңы. – 2010. – 26 қаңтар. – Б. 4.
108. Амантайұлы, Дархан. Бір қазақтың тағдыры [Мәтін] : [майдангер Жанпейіс Аяпұлы] / Дархан Амантайұлы // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 9 мамыр. – Б. 3.
109. Амантайұлы, Дархан. Қалың қалай, қарт жауынгер?! [Мәтін] : [соғыс ардагерлері жайында] / Дархан Амантайұлы // Арқалық хабары. – 2018. – 5 мамыр. – Б. 1, 3.
110. Амантайұлы, Дархан. Он алтысында от кешіп, "Полк баласы" атанған [Мәтін] : [соғыс ардагері Өміржан Бірмағамбетов туралы естелік] / Дархан Амантайұлы // Торғай. – 2015. – 8 мамыр. – Б. 5.
111. Амангелді, Сымбат. Ерлік пен еңбекке толы ғұмыр [Мәтін] : [соғыс ардагері Ибат Әбілқасымұлы туралы] / Сымбат Амангелді // Арқалық хабары. – 2015. – 8 мамыр. – Б. 5.
112. Ахмет, Базаркүл. Берлинге тартқан ауыр жол [Мәтін] : [майдангер Ғабдол - Ғазиз Өмірхамзаұлы туралы сөз] / Базаркүл Ахмет // Қостанай таңы. – 2006. – 19 мамыр. – Б. 4.
113. Ахмет, Базаркүл. Батпаққарадан Берлинге барған [Мәтін] : [майдангер, ұстаз Ғабдол - Ғазиз Өмірхамзаұлы туралы өмірдерек] / Базаркүл Ахмет // Егемен Қазақстан. – 2006. – 5 мамыр. – Б. 4.
114. Әбдіхамитұлы, Сүгірбай. Жауынгер Нұрмановтар [Мәтін] / Сүгірбай Әбдіхамитұлы // Қостанай таңы. – ("Қостанай ақшамы"

- танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2015. – 29 сәуір. – Б. 17.
115. Байділдин, Шөптібай. Зеңбірекші-көздеуші болған [Мәтін] : [зеңбірекші, жауынгер Хамитбек Жекебатыров туралы] / Ш. Байділдин // Арқалық хабары. – 2010. – 16 сәуір. – Б. 6.
116. Дәркенов, Таңатқан. Торғайлықтар жеңіс жолында [Мәтін] : [Украина сапары ерлік жолында тыл ардагерлерінің ерлік істері туралы] / Т. Дәркенов // Қостанай таңы. – 2010. – 7 мамыр. – Б. 7.
117. Досжанова, Қымбат. Ағасының зиратын іздеп тапты [Мәтін] : [майдангер Рашит Жомартов туралы] / бетті дайындаған Қымбат Досжанова // Қостанай таңы. – 2015. – 4 наурыз. – Б. 5.
118. Досжанов, Хамит. Атың өшкір, соғыс-ай! [Мәтін] : [еңбек және соғыс ардагері Кәмали Досжанұлы туралы] / Хамит Досжанов // Арқалық хабары. – 2010. – 9 сәуір. – Б. 3.
119. Жүнісов, Жақсылық. Елге сыйлы азамат [Мәтін] : [майдангер Естай Өмірзақов туралы] / Жақсылық Жүнісов // Қостанай таңы. – 2001. – 3 сәуір. – Б. 2.
120. Исенов, Өтеген. Мәскеуді қорғаған қазақ қызы [Мәтін] : [Шәмшия Сәдуақасова туралы әңгіме] / Ө. Исенов, Б. Едрес ; (суреттер Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорынан алынды) // Қостанай таңы. – 2016. – 22 сәуір. – Б. 7.
121. Қожахметұлы, Еркін. Өнегелі ғұмыр [Мәтін] : [ұстаз Ғыждуан Қасымов туралы] / Еркін Қожахметұлы // Қостанай таңы. – 2019. – 19 маусым. – Б. 10.
122. Қожахметұлы, Еркін. Отан үшін от кешкен [Мәтін] : [Шәкір Қолдасбаев туралы әңгіме] / Еркін Қожахметұлы // Қостанай таңы. – 2015. – 16 қаңтар. – Б. 7.
123. Мұсабаева, Көркем. Ұмтылмас ерлік [Мәтін] : [соғыс ардагері Мирасбек Өміржанов туралы] / Көркем Мұсабаева // Қостанай таңы. – 2016. – 22 қаңтар. – Б. 7.
124. Мұсабаев, Хамитбек. Тоқсандағы тарлан [Мәтін] : [Үрпек ауылының ақсақалы Нұрқан Тәукенов туралы] : [фотосурет бар] / Х. Мұсабаев; суретті түсірген Қ. Өмірбекұлы//Қостанай таңы. – 2012. – 8 мамыр. – Б. 6.
125. Нұрманов, Қаратай. Талай нәубеттен өткен [Мәтін] : [аяулы әке Өбдіхамит Нұрманов туралы] / Қ. Нұрманов // Қостанай таңы. – 2012. – 8 мамыр. – Б. 6.

126. Сығай, Сырым. Майдангерлер - қаһарман қайран ерлер, есімдерің ғасырдан - ғасырға өрлер! [Мәтін] : [Ұлы Отан соғысының ардагерлері туралы] / Сырым Сығай // Аманкелді арайы. – 2015. – 10 сәуір. – Б. 3.
127. Уахитұлы, Балтабай. От – жалында жігерін жанығандар [Мәтін] : [Ұлы Отан соғысының 75 жылдығы қарсаңыда] / Б. Уахитұлы // Аманкелді арайы. – 2020. – 20 наурыз. – Б. 3.
128. Уахитұлы, Балтабай. От-жалында жігерін жанығандар [Мәтін] : [9 мамыр - Жеңіс күніне орай] / Б. Уахитұлы // Аманкелді арайы. – 2018. – 4 мамыр. – Б. 3.
129. Уахитов Балтабай, Қаһарлы күндер шежіресі [Мәтін] : [қан майданда ерлік көрсеткен майдангер аталарымыз туралы] / Балтабай Уахитов//Аманкелді арайы. – 2014. – 7 қараша. – Б. 6
130. Хайруллин, Уәли. Берлинге барған жауынгер [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Қали Айқынов туралы] / Уәли Хайруллин; суретте: Қали Айқынов // Торғай таңы. – 1996. – 8 мамыр. – Б. 2.
131. Хайруллин, Уәли. Ел қорғаны еді [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Молдағали Ермағамбетұлы туралы] / У. Хайруллин // Хайруллин У. Жизнь замечательных людей в краю хлеба и металла. – Алматы, 1995. – 91–94 б.
132. Хайруллин, Уәли. "Ер болсаң, Сейілдей бол" [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Сейіл Ахметов туралы] / У. Хайруллин // Хайруллин У. Жизнь замечательных людей в краю хлеба и металла. – Алматы, 1995. – 62–63 б.
133. Хайруллин, Уәли. Көңілің жүйрік Жан едің ау Бәке! [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері, ақын Байдақ Молдашұлы туралы] / У. Хайруллин // Хайруллин У. Жизнь замечательных людей в краю хлебе и метелла. – Алматы, 1995. – 139–141 б.
134. Хайруллин, Уәли. Соғыс, еңбек ардагері - Көшекбай аға [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Көшекбай Оспанов туралы] / У. Хайруллин // Хайруллин У. Жизнь замечательных людей в краю и металла. – Алматы, 1995. – 95–97 б.
135. Хайруллин, Уәли. Ұмытылмас есім [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Әубәкір Дүйсенбин туралы] / У. Хайруллин // Хайруллин У. Жизнь замечательных людей в краюхлеба и металла. – Алматы, 1995. – 87–90 б.
136. Хайруллин, Уәли. "Ер болсаң, Сейілдей бол" [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Сейіл Ахметов туралы] / У. Хайруллин // Хайруллин У. Жизнь замечательных людей в краю хлеба и металла. – Алматы, 1995. – 62–63 б.

137. Хайруллин, Уәли. Көңілің жүйрік Жан едің ау Бәке! [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері, ақын Байдақ Молдашұлы туралы] / У. Хайруллин // Хайруллин У. Жизнь замечательных людей в краю хлеба и металла. – Алматы, 1995. – 139–141 б.
138. Хайруллин, Уәли. Соғыс, еңбек ардагері - Көшекбай аға [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Көшекбай Оспанов туралы] / У. Хайруллин // Хайруллин У. Жизнь замечательных людей в краю и металла. – Алматы, 1995. – 95–97 б.
139. Хайруллин, Уәли. Ұмытылмас есім [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Әубәкір Дүйсенбин туралы] / У. Хайруллин // Хайруллин У. Жизнь замечательных людей в краю хлеба и металла. – Алматы, 1995. – 87–90 б.
140. Шметов, Ғабит. Алғашқы төраға [Мәтін] : [ардагер Бәшір Шметов туралы] / Ғабит Шметов // Қостанай таңы. – ("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2015. – 29 сәуір. – Б. 14.
141. Шметов, Ғабит. Аудан басқарған азамат [Мәтін] : [соғыс ардагері Бәшір Шметов туралы] / Ғабит Шметов // Аманкелді арайы. – 2018. – 3 тамыз. – Б. 2.
142. Шметов, Ғабит. Тұңғыш төраға [Мәтін] : [ардагер Бәшір Шметов туралы] / Ғабит Шметов // Қостанай таңы. – 2018. – 27 шілде. – Б. 11

Ұлы Жеңісті мерекелеудің фото шежіресі



Соғыс ардагерлері М.Камалұлы, В.Н.Бушуев



Ардагерлер бас қосқанда...



Мерекелік кездесуде



Ардагерлер оқушылармен бірге



кездесуден көрініс



Соғыс ардагері Т.И.Пуцыкина және К. Ақан



**Родина ауылында Ұлы
Жеңістің 78 жыл толуына орай
«Ер есімі – ел есінде» атты
мерекелік
гүл шоқтарын қою рәсімі өтті**



*Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай
ұйымдастырған оқу залының көрмесі*




Жеңіс – бейбіт өмірдің кепілі

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай

Патриоттық кеш



Арқалық қаласының тыл ардагері, ғасырға жуық ғұмыр кешіп отырған **Зинайда Семеновна Станкеева 90 жас** толуына орай сый құрмет көрсетілді Арқалық ОКЖ ұжымы




«Ер есімі – ел есінде» атты Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерей тойына арналған салтанатты гүл шоқтарын ескерткішіне қою рәсімі



Ерлікке тағзым



Арқалық қаласындағы Даңқ алаңы



Родина ауылындағы Даңқ алаңы

Есімдердің алфавиттік көрсеткіші

А

Абайділдин, Ө. 84
Абдуллин, Ө. 85-99
Ағытай, И. 100
Адайқызы, Г. 101
Айдарбекқызы, З. 102
Айғожин, М. 103
Айқадамова, А. 104-106
Ақан, К. 41
Алмат, О. 107
Амантайұлы, Д. 108-110
Амангелді, С. 111
Ахмет, Б. 112,113
Ахметбеков, Н. 49

Ә

Әбжан, С. 8
Әбдіхамитұлы, С. 114
Әжмағамбетов, Б. 17

Б

Балабаева, Қ. 22
Балғынбаев, Ә. 25
Байғабылов, Т. 55
Байділдин, Ш. 56,115
Бақтыбаева, М. 57
Бобров, В. 58

Д

Дайырұлы, С. 59
Даниярқызы, С. 60
Дәркенов, Т. 116
Досжанова, Қ. 117
Досжанов, Х. 118
Досымов, С. 61
Дүйсекеев, Т. 62

Е

Ерманова, М. 16

Ж

Жакулин Ұ. 27
Жақсантай, Т. 43
Жүнісұлы, М. 2,7
Жүнісов, Ж. 119
Жүсіпбекұлы, Т. 63

И

Исенова, З. 45
Исенов, Ө. 120

К

Камалұлы, М 29-39
Кеңарал, А. 13

Қ

Қабыланұлы, Ж. 20
Қарпықұлы, А. 28
Қазымбеков, Қ. 64
Қалиева, Г. 65
Қасымов, Қ. 66
Қожантаева, Ж. 9
Қожахметұлы, Е. 121, 122
Қойшыбай, М. 67
Қуанышқызы, М. 14

М

Молдашұлы, Б. 68,69
Мұсабаева, К. 123
Мұсабаев, Х. 124
Мырқалиұлы, С. 70

Н

Нұрбаев, Ш. 71
Нұрманов, Қ. 125
Нұрсаби, А. 5

О

Оспанова, Б. 11,15
Оспанов, М. 18, 47
Оспанұлы, С. 72
Оташев, С. 73

P

Рахметов, Ж. 6

C

Сабыржанұлы, С. 74

Салықов, Ж. 75

Сейдахметов, Т. 46

Сейтқалиқызы, Б. 76

Сомжүрек, Ж. 78

Сүлейменова, А. 79

Сүлекешов, Ж. 80

Сығай, С. 126

T

Тұрғынбекұлы, С. 40

У

Уахитұлы, Б. 127-129

Ұ

Ұябаев, Ә. 81

Ү

Үсенқызы, Ш. 82

X

Хайруллин, У. 130-139

Ш

Шалдыбай, А. 83

Шөкен, М. 23

Шметов, Ғ. 140-142

Мазмұны

1.	<i>Құрастырушыдан.....</i>	5-6
2.	<i>Елім деп от кешкен майдангерлер.....</i>	8-17
3.	<i>Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран.....</i>	18-24
4.	<i>Жауынгерлік жолдары өлең-жырға айналған.....</i>	25-34
5.	<i>Есімдері енген кітаптар.....</i>	35
6	<i>Мен батырдың ұрпағымын.....</i>	36
7.	<i>Жеңісті жақындатқан Торғайлықтар.....</i>	36-41
8	<i>Фотосуреттер.....</i>	42-49
9	<i>Ерлікке тағзым.....</i>	50
10	<i>Есімдердің алфавиттік көрсеткіші.....</i>	49-53

*Біздің кітапхананың мекен-жайы:
110312, Қостанай облысы, Арқалық қаласы,
Родина ауылы Гагарина көшесі, 21. Тел. 2-10-18
Е – mail: cbs10@mail.ru*

*Құрастырушы: С. М. Көшкінбай
Компьютерлік терілім: С. М. Көшкінбай
Редактор: Д. Е. Құсайын
Шығарылымға жауапты: Д. Е. Құсайын
Басуға қол қойылды 08.05.2025
Таралым 5*

